

Саран серпіледі
2-бет

Егес (Әңгіме)
6-бет

Отбасы ойраны қайдан?
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz | БЕЙСЕНБІ, 15 MAУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №66 (23 242) | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

• САРАПТАМА

Өрт: бірігу мезгілі

Ұлытаудағы алапат өрт есіңізде болар. Жаз шықса, айна-қатесіз қайталап беретін бұл не тауқымет дерсіз бұндайда еріксіз көңіліңіз ойға батып. Онда да найзағай шатырласа, биыл Абай еліндегі қызыл ереуілде «жерге жасын түскен» Айналып келгенде ше? Ойлап келгенде ше? Толғанып келгенде, жылаған жесір мен жетімнің көз жасы көкірегімізді қарс айырады. Жанымызды жегідей жеген сұм ойлар, қолымызға ықтиярлы қалам алғызды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Немқұрайдылық нәубеті

Өрт. Жұмыр жердің әр нүктесінде түрлі себеппен тұтанып, ауыздықталатын тілсіз жау. Ал, біздегі схема өзгеше: өрт + бейқамдық = сандаған қаралы күн. Енді себеп-салдарына үңілелік.

Алдымен ауа райының аномалиясын тілге тиек еткен абзал. Синоптик мамандардың мәлімдеуіне қарағанда, Орталық Азияда мұндай аптап ыстық соңғы 55 жылдан бері тіркелмеген. Бұл аңызак аралас қапырық сарша тамызға дейін жалғасатынын басылымның өткен сандарында бірнеше мәрте жазылды.

Табиғаттағы белең алып бара жатқан жылымық Канадада да жойқын өртке себепші болды. Нью-Йорк пен АҚШ-тың басқа бөліктерін түтін басып қалды. Салдарынан барлығы 14000-ға жуық адам қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Бір айта кетерлігі, мұндай өртпен бетпе-бет келген Канадада адам шығыны туралы бірде-бір ресми дерек жоқ. Қаралы күн де жарияланбаған. Канада үкіметі уағында сауатты іс-қимылының арқасында тұрғындарын тілсіз жаудан аман алып қалған...

Өңір өртке тойтарыс бере ала ма?

Тәуелсіз журналист Макпал Орынбетова орманшылар тек орман алқабын жат пияғалды жандардан қорғауға міндетті екендігін баса белгілеп пікір білдірді.

Қазақстан аумағының 4%-ы ғана орман-тоғайларға тиесілі еді. Оған да ие бола алмадық. Зандарымыз да солқылдақ. Әйтпесе, өртеніп кеткен 14 орманшы өртті



Коллажты жасаған Шынар Адамбекова

сөндіруге тиісті емес еді ғой? Өркеніетті елдерде орманшылар орманды жат нистілерден қорғайды. Өрт шыға қалса, тиісті органдарға хабарлайды. Бізде ше? Орманшыларымыз жалаң қолмен өрт тарап кетпес үшін жалынға қарсы шыққан...

Сөзінің жаны бар. Мәселенің ақ-қарасын анықтау мақсатымен өңірдегі бірқатар орман шаруашылығы өкілдеріне хабарласқанымызда, олар облыстағы төтенше жағдайлар департаменті жанынан құрылған өрт сөндіретін арнайы қызмет бар екен-

дігін, алайда, ресми мәліметті тек салалық департаменттің өзінің ғана тарату құзыреті барлығын алға тартумен шектелді.

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев орман шаруашылығы, орман алқаптарын үлкейту, бақылау және күзету, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау екендігін баяндай келе, Қарағанды облы-

қызметінде 329 бірлік техника бар. Бұдан басқа, табиғи өрттерге ден қою үшін облыс аумағында 45 өрт сөндіру бекеттері жұмыс істейді, оның ішінде 2022 жылы 9 бекет құрылды, олардың қорғалуында жалпы саны 50 мың адамнан асатын 87 елді мекен бар. Ағымдағы жылға арналған жоспарда Ақтоғай, Қарқаралы, Шет аудандарының аумағында тағы 3 бекет құру көзделген. Бұдан басқа, жоспардан тыс Ақтоғай ау-

данының Сарышаған кентінде өрт сөндіру бекетін құру жоспарлануда. Жақсы ақпар. Жіліктеп жіберелік. Бір мобильді топ 3 адамнан тұрады. Олардың негізгі міндеті патрульдеу, рейдтік іс-шаралар өткізу ғана. Ой елегінен өткізілік: ауданы 239,1 мың шаршы шақырымды құрайтын өңірде 500 бірлік арнаулы техника да, 100 мобильдік топ та тым аздық етеді. «Мақұл. Оның барлығына қаражат қайда?!» дерсіз сіз, бәлкім. Гәп басқада жасырынып жатыр...

► 3-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«Бесік жыры» әлемді мойындатты

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен жарыққа шыққан «Бесік жыры» қысқаметражды анимациялық фильмі Үндістанда өткен Roshani International film festival 2023 фестивалінде «Үздік анимациялық фильм» атағын жеңіп алды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Осымен төртінші мәрте өткен халықаралық фестивалге биыл 1300-ге жуық жұмыс ұсынылды. Оның 132-і анимациялық фильм. Dala animation шығармашылық ұжымы дайындаған «Бесік жыры» мультфильмі жоғары бағаланды.

Туынды 2021 жылы Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен жасалды.

Аталмыш фильм Испания астанасы Мадридте өткен кинофестивалде «Ең үздік қысқаметражды анимациялық фильм» жүлдесін жеңіп алғанын айта кету керек. Ол байқауға 1500 анимациялық жұмыс үміткер ретінде ұсынылған болатын.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жасөспірімдер қылмысы азаймай тұр

Биыл облыста кәмелеттік жасқа толмағандар жасаған 71 қылмыс тіркелген. Бұл – жыл аяқталмаса да, өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда едәуір жоғары. Құзырлы орган істі болған балалардың дені ұрлық жасауға бейім екенін айтуда. Олардың барлығын кәсіпті ұры деуге де келмес, өңкей қалтаға түсер ұрылар. Дегенмен, қылмыстың аты – қылмыс. Дәл бүгін қылмысқа себеп болған дүниені өзегімен суырып алып, көз көрмес, құлақ естімес жаққа лақтырып тастамасақ, бала тұрмақ, үлкеннің өзіне айтуда ауыз әрең баратын «қандықол қылмыскерге» айналып шыға келмесіне ешкім кәсіптік бере алмас анық. Қазіргі «қой үстіне бозторғай жұмыртқаламаса» да, екі қолға бір жұмыс табылатын заманда баласы ұрлық жасап, болашағын бұлыңғыр ететіндей ешбір отбасының өзегі талғанша ашығып, шоқпыт киіп, денесі аязға қарылып жүрмеген шығар деген ой да жылт етеді. Ендеше, «үлкенін қойып, баласы қылмыс жасайтындай басымызға не күн туды?» деген ой туары заңды. Ал, бүгінгі бала – ертенгі болашақ. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Сәйкесінше, оларға жол ашу үшін барлық жағдайды жасау керектігін де алға тартты. Бұл – елдігімізді бекіте түсу үшін бұлжымас қағида болса керек...

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы ювеналдық полиция бөлімінің аға инспекторы Әсел Омарова биылғы бес айда кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс саны 14 пайызға көтерілгенін айтады. Атап айтар болсақ, өткен жылы 43 іс тіркелсе, биылғы көрсеткіш небары бес айдың ішінде 49-ға жеткен. Бірақ, дәл осы 49 істің 34-і өткен жылы жасалғанын айтады аға инспектор. Қылмыстық істі тергеп-тексеру едәуір уақыт алатынын ескерсек, шешімнің шыққаны да биыл екен. Дегенмен, бізді қызықтырғаны қылмыстық істің тергеп-тексерілуі емес, бесіктен бөлі енді шыққан көкөрімдердің нәліктен қылмысқа баратыны және қандай қылмыстарды жасауға бейімдігі.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың дені – мүліктік қылмыстар. Мәселен, 2022 жылы жасөспірім 29 мүліктік қылмыс жасаса, биыл көрсеткіш 30,9 пайызға өсіп, 42-ге жетті. Ал, осы қылмыстардың ішіндегі 35-і – ұрлық, – дейді Әсел Омарова.

Маманның сөзі бойынша тіпті өткен жылы ұрлық аз болған. Яғни, 2022 жылы 20 іс тіркелген екен. Демек, статистикалық деректерге сүйенсек, жыл сайын жағдай тіпті ұшыға түскенін көруге болады. Ал, оның басты әрі негізгі себебі – ата-аналардың балаларын жеткілікті қадағаламауында. Себебі, тіркелген қылмыстың 83 пайызын жасөспірімдер түнде жасаған. Айгүл Омарова балалар қылмысының өсуі олардың қылмысты қайталап жасауына байланысты екенін айтады.

► 3-бет



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың

II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады



Kaspi.kz

арқылы сүйікті

басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» →

«Жазылым төлемі» →

Баспа басылымының атауы

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 ТҒ
	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:

Руслан – 8-775-482-22-02

Ботагөз – 8-778-846-00-01

Нұрсұлу – 8-705-902-04-05

Тел.: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Саран серпіледі

Сарандағы 90-жылдары бос қалған РТИ жандануда. Иесіз қалған көпқабатты үйлер қалпына келтіріліп, әлеуметтік мәселелерді шешуде ауқымды шаралар жүзеге асады. Моноқалаға инвесторлардың тартылуы тіршілік тамырына қан жүгіртті десе де болады. Қала ішін абаттандыру, жылу қазандықтарын қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Дегенмен, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесу барысында жергілікті тұрғындар бірақатар өзекті мәселелерді де көтерді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әсіресе, халыққа қолайлы орта қалыптастыруда жасалып жатқан жұмыстарға көңілі толмайтын немесе вандалдардың іс-әрекеті Саран қаласы тұрғындарының наразылығын тудырды. Мәселен, аулалардағы балалар мен спорт алаңдарын қиратып кету оқиғалары жиі кездеседі. Осы тұрғыда патрульдік күзет қызметкерлері вандализмнің алдын алуда бақылауды күшейтсе деген ұсыныстарын жеткізді.

– Мұның бәрі тәрбиеге байланысты. Біз өзімізден бастауымыз керек. Әр аулаға және әр қысық жәшігіне полиция қызметкерін қоя алмаймыз. Мен полиция бастығына қоғамдық орындардағы тәртіпті жігіт қадағалап, учаскелік полиция қызметкерлерін жұмысқа көбірек тарту туралы тапсырма беремін. Біз тек жазалау шараларымен проблеманы шеше алмаймыз, халықты тәрбиелеуіміз керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Шындығында әр бұзақының сонынан шырақ алып жүру мүмкін емес. Бұндай өрескел жайттар барлық өңірде орын алуда. Дегенмен, облыс басшысы халықпен кездесуде бұзақылармен күресу әдістерін ұсынды.

Аймаққа инвестиция тартуда Саран индустриялық аймағының маңызы зор. Бұл жергілікті жердегі жұмыссыздық мәселесін шешуге он ықпалын тигізуде. Сонымен қатар, шағын қаланың инфрақұрылымын жүйесін жөнге келтіру мәселелері



де кездесудегі өзекті тақырыпқа айналды. Халық тарапынан қойылған сұрақтардың басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және білім саласына қатысты бол-

саыбағында демалуға арналған үш алаң жабдықталады.

Сонымен қатар, қаладағы орталық жылу жүйесінің құрылысы да қарқын алуда. Төрт қазандық орна-

тылып, қажетті жабдықтар сатып алынған. Облыс басшысы орталық жылу қазандығының құрылысы жүріп жатқан алаңға барып, жасалып жатқан жұмыстармен танысты. Құрылысты сапалы жүргізіп, дер уақытында аяқтауды тапсырды.

90-жылдары тоқырауға түскен РТИ шағын ауданын қалпына келтіру жұмыстары қауырт жүруде. Жалпы, Саранның негізі қаражаты осы шағын аймақты қалпына келтіруге жұмсалуда. Иесіз, бос қалған



• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Жұмыла көтерген жүк – жеңіл»

Абай облысындағы қайғылы оқиғаға барша жұрт атсалысып, көмек қолын созуда. Қарағанды облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы екі күн ішінде құтқарушылар мен зардап шеккендерге көмектесу үшін қол жинады. Қиындыққа тап болған адамдарға қажетті заттарды жеткізді, олар – су, азық-түлік және гигиена құралдары. Көмекке қол жинауға этномәдени бірлестіктер мен ҚХА ұйымдары қатысты.

Ал, Аналар кеңесі колонершілер жасаған жейделер мен гигиеналық маскаларды ұсынды. Еріктілер гуманитарлық көмекті жинауға және барлық заттарды көлікке тиетуге көмектесті.

– Абай облысындағы орман өртінен қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтамыз. Асар дәстүрі осындай қиын жағдайларда көмектеседі. Біз бірігіп, екі күн ішінде гуманитарлық көмек жинадық. Алдымен штабқа қонырау шалып, бірінші кезекте не қажет екенін білдік. Мұнда су, кофе, энергетикалық сусындар, жемістер, тоқаштар, қағаз және дымқыл майлықтар және т. б. бар, – дейді Қарағанды облысы ҚХА Кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Нұрлан Әубәкіров.

Абай облысына гуманитарлық



көмектің бірінші партиясы жіберілді. Көмектің келесісін жіберуге қызу дайындық үстінде. Сонымен қатар, қала халқы да аянбай үлес қосып жатыр.

– Бастамаға этномәдени бірлестіктер де қосылды. Отандастары-

мыздың өмірін қиған Абай облысындағы апат баршамызға ауыр тиіп отыр. Зардап шеккендерге және өрті сөндіруге қатысқандардың барлығына, сонымен қатар орман алқаптарын құтқару үшін күресіп жатқандарға көмек көрсету адамгер-

шілік парызымыз, – деді «Полония» облыстық поляк қоғамының төрағасы Виталий Хмелевский.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
II курс студенті

• ЖОБА

Зандастыруда өзгеріс бар

Шетелден әкелінген көліктерді I шілдеге дейін тіркеуге болады. Үкімет Қазақстан аумағына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген көліктерді зандастыру туралы қаулыға өзгеріс енгізбек.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зандастыру шарттары туралы алдын ала айтылса да көптеген көліктер бұрынғы тіркеу орны бойынша есептен шығарылмағаны үшін немесе тіркеу әрекеттері жасауға тыйым салу мен шектеулерге байланысты зандастырудан өтпеген. 8 маусымдағы дерек бойынша 365 мыңнан астам өтініш түскенімен, тек 144 320 көлік бастапқы тіркеуден өткен. Тағы 14 мыңнан астам автомобиль нөмірлік тексеруден өтіп, тіркеуін күтіп тұр.

Құжат жобасы 23 маусымға дейін көпшілік талқысына ұсынылып отыр.

• ҚҰҚЫҚ

Жауапсыз әке жазаланады

Өңірдегі 22 мың бала алимент ала алмай отыр. Берешек 1,7 млрд. тенгеден асады. Қарағанды облысының прокуратурасы өткізген алимент өндіру жөніндегі жұмысқа қатысты алқа отырысында осындай дерек айтылды. Облыс прокуроры Бауыржан Мырзақерем төрағалық еткен шараға аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев, сондай-ақ уәкілетті және мүдделі органдардың бірінші басшылары қатысты.

Салтанат ЛІНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Берешек сома артуының басты себебі – алимент өндіретін органдардың өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, борышкерлермен жұмыс істеу, оларды бақылау, жұмысқа орналастыру, сондай-ақ оларға әкімшілік және қылмыстық ықпал ету бойынша өзара іс-қимылдың болмауы.



Қадағалау ведомствосы 86 борышкерде электрондық әмияндардан, букмекерлік компаниялардан, бағалы қағаздар биржаларынан және такси қызметтерінен түсетін жасырын кірістер бар екенін анықтаған. Ал, прокурорлар сот орындаушыларының әрекетсіздігі салдарынан өндіріп алынбаған 28 мүлік нысанын, 300-ден астам мал басын және 22 арнайы техниканы анықтады. Мұның бәрі 89% жұмысқа орналастыру жөніндегі

Алқа отырысында борышкерлерге іздеу жариялаудың өзі тек қағаз жүзінде ғана екені де айтылды. Мәселен, олар қарызы болғанына қарамастан еркін жүріп-тұрады, мемлекеттік қызметтерді пайдаланады. Сөйкесінше, борышкерлерді қылмыстық және әкімшілік қудалау мәселелері де қозғалды.

Облыс прокуратурасы Әділет министрінің атына қадағалау актісін жолдады. Бұдан былай алиментті

қасақана төлемейтіндерге қатысты Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе шешіледі.

Алқа нәтижелері бойынша бірқатар ұйымдастырушылық шаралар қабылданды. Атап айтқанда, облыстың барлық өңірлерінде алиментпен жұмыс жөніндегі ведомстваралық топтар және жұмыспен қамту орталықтарының базасында алиментшілерді бірінші кезекте жұмысқа орналастыру жөніндегі бөлімшелер құрылатын болады.

• ТРЕНИНГ

Сүңгуірлер шеберлік шыңдауда

Приозерск құтқару станциясында сүңгуірлерді даярлау бойынша республикалық тренингтің бірінші кезеңі өтуде. Еліміздің тоғыз өңірінен құтқарушылар білімін жетілдіріп, шеберлік шыңдауда. Бұл туралы Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметінің өкілдері мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Приозерск құтқару станциясы сүңгуірлерді даярлау алаңына айналған. Мұнда жыл сайын оқу-жаттығу жиындарын өткізу жолға қойылып отыр. Оқыту орталығында сүңгуірлер жылдың төрт мезгілінде жаттыға алатындай тереңдігі жеті метр бассейні салынған. Бұған қоса, бірнеше оқу сыныбы бар. Тренинг барысында оқу-жаттығу базасымен танысу, сүңгуірлерді практикалық даярлау бойынша сабақтар ұйымдас-

тырылмақшы. Сонымен қатар, авариялық автомобильді көтеру, су астында монтаждау жұмысын жүргізу және су асты үйінділерін бөлшектеу дағдыларына оқыту жоспарлануда. Сондай-ақ, сүңгуір жұмысының медициналық аспектілеріне ерекше назар аударылатын болады.

Айта кетейік, қазір Қарағанды облысы аумағында барлығы 1500-ге жуық су қоймасы бар. Бар-жоғы алты құтқару станциясы облыс аумағындағы 500-ден астам жағайды қамтып отыр.

ПРИОЗЕРСК

• ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Көпке пайдалы көшпелі жәрменке

Өткен аптада Орталық мәдениет және демалыс саябағында 20 мемлекеттік орган, 60 жұмыс беруші, 10 үкіметтік емес ұйым, құқық қорғау органдары мен прокуратура, пробация қызметі, Қарағанды қаласының кәсіпкерлер қауымдастығы істері жөніндегі комиссиясы өкілдерінің қатысуымен қала тұрғындары үшін ауқымды іс-шара өтті.

Сондай-ақ, Қарағанды облысы ПД бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары Ә.Әбілдин, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Л.Ақылжанова, Қарағанды қаласы полиция басқармасының басшысы Ш.Салин және Қазыбек би аудан прокурорының орынбасары К.Мұратов, «Аманат», «Ақ жол» «Байтақ» партияларының өкілдері және қалалық маслихат депутаттары қатысты.

Консультативтік-көшпелі жәрменкеде қала жастары балалардың құқығын қорғау, балалардың жазы

демалысы, қамқоршылық мәселелері, жұмысқа орналасу, білім беру, денсаулық, спорт, денсаулық сақтау мәселелері, интернет алаяқтықтан қорғау туралы жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауының маңызы және т.б. мәселелер бойынша кеңес алып, заңнаманы түсіндірді есірткі қылмысына қарсы күрес бойынша профилактикалық консультациялар өткізді.

– Бүгінгі шараға 50-ден астам жұмыс беруші келіп отыр. Қазір 5-ші жәрменке өтіп жатыр. Біз мұндай шараны Сұрыптауда, Май-

құдықта, Пришахтинскте өткіздік. Енді Қарағанды қаласында өткізіп жатырмыз. Біз бұл іс-шарадан соң жыл басында және жыл аяғында қанша сұрақ түсті сол бойынша сараптама жасаймыз. Әлеуметтік және коммуналдық мәселелер бойынша сұрақ көп түсіп жатыр. Халыққа ақпарат жетіспейді, тұрғындар көп ақпаратты білмейді, мемлекеттік бағдарламалардың қандай жұмыс атқаратынын толық білмейді. Білсе де қорқаптайды. Ал, біздің кеңесшілер қандай жерге бару керектігін нақты әрі түсінікті айтады, – дейді



Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова.

Келушілерге 2600-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды. Өткізілген

іс-шарада 457 азаматқа кәсіпкерлік ті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде кеңес берілді. «Жастар практикасында», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар», «Кәсіптік оқыту» бағыттары бойынша консультативтік жұмыс ұйымдастырылды. 86 азаматқа жұмысқа орналасуға жолдама берілді. Оның ішінде пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарға 12 жолдама, алимент бойынша берешегі бар азаматтарға 9 жолдама берілді.

Көшпелі консультативтік іс-шаралар әлі де жалғасады. Өткізу күні мен уақыты туралы ақпарат қосымша хабарланады.

Жұпар АХСАТҚЫЗЫ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
II курс студенті

ҚАРАҒАНДЫ

Өрт: бірігу мезгілі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Эйдельманның кейсі

Өрттің тұтану себебін табиғаттың тосын құбылысына ысыра салып, қызыл жалынмен күресетін құтқарушылардың әрекетінің сылбырлығын уақыт сын садағына іліп, екі көзімізге соқырға таяқ ұстатқандай көрсетіп тұр. Біздің атқарушы билік пен өрт сөндірушілердің тілсіз жауды ауыздықтауға қауқарсыздығы санамызға салмақ түсіреді. Жүйесіз әрекет, жойдасыз жайбарлық стратегиялық маңызы бар игіліктерімізді тып-типыл етумен қоймай адам өліміне әкеп тіреуде.

Алақандай мемлекет болғанымен, әлемдегі ең ықпалды деген алақандай Израиль мемлекетін мысалға аламыз. Ондағы саяси коммуникациялар технологы Давид Эйдельманның ұсынған бір қызықты ақпараттық кейсі бар.

От пен су сынды тілсіз жаумен күрес бұл мемлекетте бір қарапайым қағида бойынша жүзеге асады. Мәселен, Израильдің жекелеген өрт аудан немесе қаласында алапат өрт болды делік. Жедел ақпарат Үкіметке жеткеннен соң, сол жердегі ел танытын, жер ерекшелігін жете білетін



ең көнігі деген сержант не лейтенант шеніндегі құтқарушыға генералдың құзыретін қолма-қол тапсырып қойып, шұғыл шешім қабылдауға мұрса береді. Онан соң төтенше жағдай орнаған аумаққа қажетті заманауи техника мен құтқарушылар тіптен қажет болса, республикалық деңгейде қолдау білдіреді. Алгоритм: Өрт + көнігі қолбасшы = нәтиже. Ақыр соңында төтенше жағдайды ауыздықтаған сержант шені өсіп, мемлекеттік наградаға ұсынылады. Керісінше болған жағдайда сержант

жауапкершілік арқалайды. Әлбетте, өркеніетті Израильдің өртке қарсы жана үлгідегі құрал-жарақтарын біздікімен салыстыруға әсте келмес. Қарапайым рация мен сапалы киімге мұқтаж қорықшыларымыз бен құтқарушыларымыздың қауқары өркеніетті елдерден ондаған есе кем. Өзінің меншік көлігімен өрт сөндіру жайтының өзі біріншіден басшылық лауазымдарда білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Екіншіден, қаражат тапшылығы: құзыретті органдар тапқанынан көп ақша

жұмсайды. Ал, тапшылық негізінен республиканың мұнай кірістері бар ұлттық әл-ауқат қоры секілді қаржы қамбаларының аударымдарымен жабылады. Не дегенімізбен, Қазақстан Республикасының географиялық ерекшелігі осы сынды мысалдар мен тәжірибеге де әру екендігі аңғарылатындай...

Көзқарас

Хош. Еліміздегі өртпен күресу айналып келгенде экологияға қыруар зардабын тигізіп қана қоймай, адам шығынына әкеп соқтыруда. Бұл арада тіпті, салалық министрдің орын ауыстырғанмен, яки жергілікті атқарушы билік өкіліне сөгіс беру мәселені түбегейлі шешпейтінін көзіміз де көріп, көңілімізді де күпті қыла беретіні жасырын емес. Әсілінде әлемде тоғызыншы орын алатын ұлан-ғайыр аумақты алапат өрттен қорғау тұрасындағы арнаулы доктрина мен стратегиялық құжат қабылдау қажеттігі қылаңғаттындай.

Өрт. Бойымызды тітіркеткен суық хабарлар айналып келгенде пенделік пейіліміздің тарылғаны ма деген жұмбақ ойға еріксіз жетелегендей. Бір қателік екінші қателікпен оңалмайды. Бұл мезгіл саналыға жалыннан келген ескерту іспеттес. Бұл мезгіл басымызға себепсіз келмеді. Бұл мезгіл қажырлы елге «бірігіңдер, бірігіңдер, бірігіңдер» деп үндеп тұрғандай...

• ПРЕСС-ТУР

Жол жөндеу басталды

Қарағанды қаласында жаз соңына дейін 72 шақырым жолды жөндеу жоспарла бар. Биыл басты назар жеке секторлардағы қара жолды асфальттауға аударылады. Оның ішінде Михайловка, Берлин кенті, Федоровка және қаланың басқа бөліктеріндегі 50 көшеге асфальт төселеді.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жол жөндеу бойынша ең үлкен жоба – Ғарышкерлер көшесіне тиесілі. Ол екі жылға жобаланған. Қазір Бұқар жырау даңғылынан Вавилов көшесіне дейінгі аралықта жұмыс басталды.

«Kvintec construction» ЖШС мердігер компаниясы Высоковольтная көшесіне дейінгі жолды төрт жолаққа дейін кеңейтуі тиіс.

– Жоба тек жолды қайта жасауды ғана емес, нөсер жауған кезге арнап көріз тоғанын салуды да көздейді. Қазір асфальт төсеуге шамамен 300 метр дайын, – дейді «Kvintec construction» ЖШС жоба жетекшісі Геворг Согоян.

– Біз жолды бөліктер-



ге бөлеміз. Биыл шамамен 1,2 шақырымды аяқтауды жоспарлап отырмыз. Жолдың ұзындығы 3,7

шақырымды құрайды. Бұл жолдарға ресейлік битумды қолданамыз. Оның сапасы – жоғары. Біздің компания нарықта 20 жыл жұмыс істеп келеді. Осыған сәй-

кес қайта жөндеу кепілдігі – бес жыл. Жұмыстың сапалы жүргізілетініне уәде береміз.

Сондай-ақ, Ғарышкерлер көшесін қайта құру жобасы техникалық тротуарларды жайластыруды және жарықтандыру тіректерін ауыстыруды көздейді. Нөсер арналарының бойында автономды тазарту инженерлік құрылыстары орнатылады.

Жаңа суағарлар Вавилов көшесінде, сондай-ақ, Нефтебаза аймағында салынады. Ол Құрманғазы, Орск және Резник көшелерінде 15 км нөсер көрізін салу жеке ауаларды еріген қар суы басу мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қалада Республика даңғылы (Гудермесская көшесі – К.Дүйсебеков көшесі), Шахтерлер (Тәттімбет көшесі – Республика даңғылы), Н.Әбдіров (Гоголь көшесінен Назарбаев даңғылына дейінгі кіші жолағы) және Гудермесская, Солнечная, Әліханов көшелеріндегі автожолдарды орташа жөндеу жоспарланған.

Сала басшыларының мәлімдеуінше, биыл Қарағанды (Үлкен Михайловка) станциясындағы теміржолдың үстінен жаяу жүргіншілер көпірі салынады.

ҚАРАҒАНДЫ

сөзсіз. Қылмыс жасаған әр баланың түзелуге, өткенін қорқынышты түс ретінде ұмытып, болашағын жарқын етуге хақы бар.

Болашақ әрқайсымыздың қолымызда. Баланы тәрбиелейтін жалғыз адам емес. Айналадағы адамдар,

Жасөспірімдер қылмысы азаймай тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, дәл биылдың өзінде екі бала бірлесіп, 17 рет ұрлық жасаса, ал, біреуі бес рет қылмыс үстінде ұсталған. Дәл осындай эпизодтық жағдайлардың тіркелуі облыстағы жасөспірімдер арасындағы қылмыс статистикасының нашарлауына әсер ететінін айтады аға инспектор.

– Жасаған қылмысына орай кәмілетке толмағандардың тәртібі өздері оқитын оқу орындарындағы алдын алу кенесінде қаралды. Комиссияның шешімімен балалар ювеналдық полиция тобының есебіне және мектепшілік есепке қойылды. Ал, биыл соттың шешімімен 10 бала Алматы және Тараз қалаларындағы девантты мінезді балаларға арналған арнайы оқу орнына жіберілді. Ал, үш бала Абай облысындағы ерекше арнайы оқу орнына жолданды, – дейді Айгүл Омарова.

Олардың ішінде колледж студенттерінен бөлек, тоғызыншы сыныпты бітірмегендері де бар.

Жалпы, облыста кәмілетке толмағандарды қадағалап отыратын небары 137 учаскелік полиция инспекторы бар. Норма бойынша 1 инспекторға қалада – 5600, ауылда – 4600 баладан көрсетілген. 112-сі қаладағы, ал, қалған 25-і ауылдық жерлердегі баланы қадағалайды. Қарапайым есепке салар болсақ, 137 инспектордың облыстағы 420 мектеп пен 56 колледждегі бала-



ны толық қамти алмайтыны айдан анық.

– Әр баламен жеке тіл табысып, олармен толыққанды жұмыс жүргізуге полиция қызметкерлері жеткіліксіз. Бірақ заңда көрсетілген нормалар бойынша, Қарағанды облысында кәмілетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар саны сәйкес келеді, – дейді Айгүл Омарова.

...Әйтсе де, бұларды бір миғұла, меніреу екен деп ойламаңыз, олар да басқадан ешбір кемдігі жоқ, тек тұрмыстың зорлығымен ретсіз жағдайға түсіп қалған кәдімгі қара-

пайым балалар. Бұлар бір жағынан, адам болып жетілудің игі байлығының бәрін мақұрым қалған, екінші жағынан, өздерін ауыз жарымайтын әзір асқа ие қылып, күн көрудің адамды шындейтын қызу күресінен аулақ әкеткен (Антон Макаренко).

Аға инспектордың да айтпағы осы. Статистикалық деректер де қылмыс жасаған балалар ата-ана қарауының қалғандықтан, яғни, түнгі уақытта қылмыс жасағанын көрсетеді. Ата-ана балаға жауапты. Бұл – бұлжымас қағида, әрі заман өзгерсе де солай болып қала берері

қоршаған орта, құбылыстың өзі бала тәрбиесіне тікелей әсері бар екенін айтады психологтар. Ал, осы бір күрделі әрі жауапты құбылыста бала үшін ең алдымен ағасы мен анасының тәлімі мен тәрбиесі үлгі болмақ. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді емес пе қазақ?! Өмірдің не екенін білмей, балалықпен от басқан әр баланы ортамыздан аластатпай, мейірім танытсақ, тасқа да гүл шығары анық.

Еңесі түскен мерзімінен бұрын өледі (Омар Хайям). Ертенімзді ерте солдырмай, бала үшін әрқайсымыз жауапты болсақ...

• КЕҢЕС

Ұрпақ сабақтастығының ұтқыр қадамы

Қарағанды қаласының әкімдігінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мемлекеттік қызметінің оң бейнесін қалыптастыру жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының құрылуына орай, мемлекеттік қызмет ардагерлерінің қатысуымен отырыс өтті.

«Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының тең төрағалары – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы, Кеңестің тең төрағасы Ербол Жолданғар мен мемлекеттік қызмет ардагері, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төреғожин. Шара барысында

жатқан ақпараттарды тыңдай отырып, санамызға бұндай мүлде болмау керек еді деген ойлар келеді. Өрттен зардап шеккен тұрғындардың сөздерін тыңдасақ техника ескірген. Табиғи ресурс басқармасының басшысына айтарым, біздің облысымызда да орман бар. Осы қайғылы жағдай сабақ болсын. Қандай да бір қажеттіліктер орын алып жатса, тікелей облыстық әкімшілікке



облыстық Кәсіпкерлік басқармасының басшысы Дастан Құдабаев пен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев бүгінгі күні атқарылып жатқан жұмысының есебі мен алға қойылған мақсаттар жайлы мәлімдеді.

– Кеңес жұмысының басты мақсаты – мемлекеттік басқарудың сабақтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, жергілікті атқарушы орган басшыларының кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсету. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі. Оның отырыстарына жергілікті атқарушы органдардың жаңадан тағайындалған басшылары шақырылып, олар өз жұмыс саласындағы дамуына қатысты пікірлерімен бөліседі. Тиісінше, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол ардагерлер мен кеңес мүшелері жаңа басшыларға жұмыс тәжірибелерін айтып, қажетті ұсыныстар, ақыл-кеңестерін беретін болады, – деді Ербол Қабдығалиұлы.

Келесі кезекте Оралды Төреғожин жастармен өзінің қызмет жолындағы мол тәжірибесімен бөлісіп, ақылын айтты. – Мемлекеттік қызмет – өте жауапты сала. Көп жылдар бойы осы қызметте жұмыс атқара келіп, менің жастарға айтарым, біз жұмыс істеген 90-жылдар мен қазіргі күндегі әлеуметтік жағдайды салыстыру мүмкін емес. Сол кезде әкімшіліктің жұмысы енді басталғанда жағдай болмады, жалақы жоқ, зейнетақы және жәрдемақы деген түсінік болмады. Міне, сол кездерде қиын жағдайда мемлекеттік жұмыс басталған. Ал қазір заман өзгерді. Мемлекеттік қызметкерлер бар. Жаңадан тағайындалған жас мамандарға айтар басты ақылымыз – жауапкершілік және адал жұмыс атқару, – деді ол.

Сонымен қатар, Оралды Төреғожин Абай облысында орын алған өртке тоқталды. – Орман ғана емес, адамдар да залал шекті. Сол жерден келіп

сұрақ қоюдан тартынбаңыздар. Осындай жағдайға біздің де тап болуымызға жол бермеңіздер, – деп ескерту пікірін айтты.

Бахтияр Жұматайұлы сөз кезегінде өзі басшылық ететін басқармада облыс әкімшілігінің ережесіне сәйкес, тоқсаннан астам функция жүзеге асырылатынын айтып өтті. Нақтырақ айтқанда, қоршаған ортаны қорғау, су шаруашылығын дамыту және ұтымды пайдалану, орман шаруашылығы, орман алқаптарын үлкейту, бақылау және күзету, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау. Сондай-ақ, Қарағанды облысының аумағындағы Ақтоғай, Шет, Осакаров аудандарының, Ақалдыр, Қаратал, Молодежный, Бұқар жырау ауданындағы Белағаш орман қорларда тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы баяндады.

Ал, Дастан Амангелдіұлы осы жылы өткізілген және алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстар жайлы есеп берді.

– Біздің атқаратын жұмыстар жеке, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға, туризмді, сауданы дамытуға бағытталған. Осы жұмыстар үшін биыл мемлекеттен 14 миллиард теңге бөлініп отыр. Сәйкесінше, бүгінгі күні біз 440 жобаны іске асырып отырмыз. Сондай-ақ, шағын және орта кәсіпкерліктерге мемлекеттік гранттар ұсынылған, сол себепті қаржыландыру санын биыл 5 есеге көбейттік. Бүгінгі күннің есебі бойынша тұрақты жұмыс атқарып келе жатқан 99 мың бизнес субъектісі бар, – деді ол.

Шара соңында Қарағанды қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Фабиат Тұяков пен мемлекеттік қызмет ардагері Өмірзақ Амантаев жастарға арнап тілектерін айтты. Алдағы қызметтеріне табыс пен береке тілей отырып, адал жұмыс атқаратындарына сенім білдірді.

Дильяра ӘБШЕВА,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды университетінің
II курс студенті



Жаңа кодекстің жаңалығы қандай?

Биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде Әлеуметтік кодексе өз күшіне енеді. Сарапшылардың пікірінше, бес бөлім, 19 тарау, 267 баптан тұратын кодексе әлеуметтік қолдаудың икемді моделі болатын көрінеді. Бұның әлеуметке әсері қаншалықты? Халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға септігі тие ме?


Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік кодекстің басты жаңалықтарының бірі – отбасының цифрлық картасы. Цифрлық кар-

халықтың мүддесіне жұмыс жасайды. Яғни, қолайлы жағдай туғызуға арналған. Мәселен, осыған дейін отбасына төленетін әр төлемнің өз жеке заңдылығы болса, жаңа құжат бойынша әлеуметтік төлемнің барлығы бір заңдылықтың аясында жү-

– республикалық бюджеттен және әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Бұл екеуінің де мөлшері өскен. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақының мөлшері жыл басында 8%-ға өссе, 1 шілдеден бастап 14,5%-ға артады. Облыс бойынша бұл қордан 3890 отбасы төлем алып отыр, – дейді Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы Ләззат Сембек.

Жаңа кодексе бойынша зейнет-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

әйел адамдардың зейнетке шығу жасы 61 жасқа тоқтады.

Кодексте басымдық мүгедектер мен асыраушысынан айырылғандарға берілген. Яғни, әлеуметтік осал топ өкілдері ретінде төленетін жәрдемақы өзгерістер енгізіліп, мөлшері де өскен.

– Кодекстің 177-бабының 5-тармағында жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және асыраушысының мүгедектігі кезеңінде айырылған жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері қайтыс болған асыраушысының еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің санына сәйкес келетін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшеріне ұлғайтындығы Кодекстің 236-бабына сәйкес көзделді. Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қайтыс болған асыраушысының асырауында болу фактісіне қарамастан жоғары мөлшерде белгіленеді, – деді департамент маманы Ләззат Сембек.

Түрлі өзгерістер мен артықшылықтарды қамтып отырған Әлеуметтік кодекстен ұтарымыз анық.

Мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасын енгізе отырып, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын енгізді. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау арқылы мүгедектігі бар адамдар үшін, әсіресе ауылдық жерлерде арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттырды. Яғни, дүниеге келгеннен бастап, кәрілікке дейінгі барлық әлеуметтік қолдау мен заңдылықтарын реттеуде тиімді құжат.

• ҚАҮІПСІЗ ҚАЛА

Айыппұл емес, тәртіп – маңызды

Қарағанды, Теміртау, Саран қалалары мен Осакаров кентінде 2021 жылдың қазан айынан бастап, «Қауіпсіз қала» жобасы жұмыс істейді. Аталған жоба аясында 2726 бейнебақылау камерасы орнатылған. Сонымен қатар, жол қозғалысы ережелерін бұзу фактісін тіркейтін 86 кешен іске қосылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бақылау аумағында автомобиль трафигін тіркеуге және жылдамдық режимінің бұзылу белгілері мен оқиғаларды анықтауға арналған 70 аппараттық-бағдарламалық кешен бар. Сондай-ақ, бақылау аумағында автомобиль трафигін тіркеуге және жол қиылысындағы бағдаршамның тұйым салу сигналына қарамай

деді. Демек, қолға алынған жоба жемісін бере бастады.

Сондай-ақ, Абай, Шахтинск қалалары мен Шахан, Долинка және Северо-Западный кенттеріндегі бейнебақылау камералары бірінші калалық бейнебақылау жүйесіне біріктірілді. Барлық бейнебақылау камералары Қарағанды қаласындағы жедел басқару орталығына шығарылды. Биыл шілде айында жол қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуын




өту мен аялама сызығына шығу ережелерін бұзу белгілеріндегі оқиғаларды анықтауға арналған 16 кешен жұмыс істейді.

Облыс аумағындағы қалаларда 2023 жылдың 5 айында жол-көлік оқиғалары саны 2022 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 16,2%-ға төмен-

анықтау бойынша бейнебақылау камералары мен кешендерінің санын ұлғайту жоспарлануда.

Өйткені, мақсат – айыппұл салу емес, керісінше жұртшылықты жол жүру ережесін сақтауға баулу. Сонда, түрлі келеңсіз оқиғаның да азаятыны анық.



та халықты әлеуметтік төлемдерге тең дәрежеде қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Яғни, кімге, қашан, қандай төлем төленуі керектігін автоматты түрде жүзеге асырады. Бұл жүйеде барлық қажетті төлемдер жайлы ақпараттар электронды түрде жеке тұлғаның ұялы телефонына хабарлама ретінде жіберіледі. Сол арқылы өзіне қандай жәрдемақы тиесілі екенін біліп, хабарлама арқылы келісім бере отырып, қол жеткізе алады. Яғни, барлығы жариялы түрде жүзеге асады. Екіншіден, адамдар уақыт жоғалтпайды, қағазбастылықтан арылады. Сайып келгенде, цифрландыру арқылы жемқорлықтың да жолы кесіледі. Отбасының цифрлық картасы арқылы тоғыз түрлі төлем жүзеге асады. Күшіне енген кодексе – жалпы

зеге асады.

Жалпы, шілденің алғашқы күнінен бастап енгізілетін өзгерістердің басым бөлігі мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар бөлігінде болады. Қайта есептеу жәрдемақылардың өсуіне әкелді. Мәселен, мүгедектіктің барлық санатындағы адамдардың жәрдемақысы өсті.

– Егер, ауруына байланысты мүгедектікке шыққан I топқа жататындар осыған дейін 77 мың 889 тенге алып келсе, I шілдеден бастап 89 мың 248 тенге алады. Сәйкесінше, II топ өкілдерінің жәрдемақысы 62 мың 068 тенгеден 71 мың 398 тенгеге өсті.

Асыраушысынан айырылғандар үшін жәрдемақы екі көзден

ақы жүйесінің де тиімділігі артады. Қазіргі қолданыстағы зейнетақы төлеу үш жүйе бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, салдарлы жүйе. Бұған 1997 жылға дейін еңбек өтілі бар зейнеткерлер. Екіншісі, базалық негіздегі мемлекеттік зейнеткерлер. Яғни, олар 1998 жылдан бергі еңбек өтілі бар азаматтар. Үшіншісі, жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін төлем.

Жеке кәсіпкерлік нысандарда жұмыс істейтін немесе кәсіпкерлер міндетті зейнетақы жарнасын төлеуге құлықсыз. Олар зейнеткерлікке шыққанда олардың зейнетақысы төмен болады. Осының алдын алуда ол кісілерге базалық, яғни мемлекеттік зейнетақы негізінде 54% тағайындалатын. Ол енді 60%-ға өседі. Сонымен қатар 2028 жылға дейін

• РЕСМИ

Оң имидж қалыптастырудың маңызы

Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру – мемлекеттік басқару жүйесін, сондай-ақ билік органдарының азаматтық қоғаммен қарым-қатынасын жаңғырту бағытындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты халыққа Жолдауында елімізде мемлекеттік басқаруға қатысты бірқатар саяси реформалардың жүргізілетінін жариялады. Олардың оңтайлы жүзеге асырылуы үшін мемлекеттік аппаратқа халықтың сенімі арты қажет.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада бекітілген моральдық және кәсіби принциптерге сай болу, өз міндетін адал атқару, кәсіби деңгейін және жеке құзыретін үнемі арттыру – мемлекеттік қызметшіге қоғам тарапынан тиісті қолдау табуға және өз имиджін арт-

тыруға мүмкіндік береді.

Сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық, сырт келбетің де мемлекеттік қызметші имиджіне зор әсер ететіні белгілі жайт. Бұлар, әлбетте, имидж қалыптастыратын негізгі факторлар. Сондай-ақ, адамның қызметіне тікелей қатысты емес, бірақ маңы-

зын кемітуге болмайтын қосалқы факторларды да атай кеткен жөн, олар: азаматтық позициясы, отбасылық жағдайы, спортпен айналысуы, хоббиі, т.б. Бұлар мемлекеттік қызметші имиджінің әлеуметтік аспектілері болып табылады және әлеуметтік желілер мен БАҚ ер-

кіндігі дамыған дәл қазіргі заманда қоғам тарапынан жігі назарда екені белгілі. Осы аталған факторлардың қатарына қазіргі таңда өзекті болып тұрған мәселе – мемлекеттік тілді білу және қолдану деңгейін де қосқан жөн. Алға қарай қарышты қадам жасаған мемлекеттің өз мемлекеттік тілі қажетті деңгейде өркендемесе, сол мемлекеттің ілгері жылжуына, толыққанды әрі төрт құбыласы түгел ел атануына айтарлықтай зор мүмкіндік туғызбайтыны анық. Ел мен ұлт болашағын ең алдымен мемлекеттік қызметшілер

ойлауы қажет.

Сонымен қатар, билік пен халық арасында ашық қарым-қатынас орнатылуы тиіс. Халықтың қажеттілігіне дер кезінде көңіл бөлу, оны шұғыл шешу жолдарын табу, диалогқа дайын болу, кері байланыс орнату мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдығы болуы керек. Әрине, кейде әртүрлі, оның ішінде негізгі себептермен, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың тиімсіз немесе қате шешім шығаратын жағдайлары да кездеседі. Қатені, қылмыс

емес әрине, дер кезінде мойындау оны түзеуімізін жағдайға дейін аппараттан анағұрлым жақсы. Дамыған елдердің мысалында ондай фактілер болғаны, халықтың мұндайда түсіністік танытатыны таныс құбылыс.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметші әрдайым халыққа жақын болуы керек. Сонда ғана мемлекеттік қызмет шын мәнінде мерейлі міндетке айналмақ.

Зәмзәұл ӘБСӘДІРОВА,
Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

• АКЦИЯ

«Синтетика» сананы улайды

Нашақорлық қоғамға кесірін аз тигізіп жүрген жоқ. Бұл дертпен «ауырған» адамның баратын жері белгілі, бірақ соған дейін қылмыстық әрекеттер жасап, қоршаған ортаға, адамдарға залалын тигізеді. Қазір табиғи есірткіден гөрі жасанды препараттардың айналымы артауда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселе туралы: «Өскекен ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын», – деген еді.

Жалпы, елімізде есірткімен күрес – белсенді. Полиция қызметкері дәрігерлер өз саласына жауапты қарап, еліміздің болашағы үшін күресуде. Үкімет отырысында Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтангазиев «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары туралы ақпарат ұсынды.

«Денсаулық сақтау министрлігі – сегіз іс-шараның негізгі орындаушысы және тоғыз іс-шараның бірлескен орындаушысы. Кешенді жоспарда халықтың хабардар болуын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ха-

лықтың барлық топтарының арасында кең ақпараттық науқан жүргізу көзделген. Кешенді жоспарға өңірлік және республикалық психикалық денсаулық орталықтарының материалдық-техникалық базасын жақсарту, қызметті қаржыландыру тәсілдерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар енгізілген» делінген жоспарда.

Дәрігерлердің айтуынша, химиялық препараттар ойлау жүйесіне кері әсер етеді, есте сақтау қабілетін жояды. Ұйқыға да орасан кері әсерін тигізеді. Есірткіге тәуелді адамдардың көбі бір айдан аса уақыт бойы есірткісіз ұйықтай алмайтын жағдайға түсетін жайттар



да жиі кездеседі.

– Бұл өсімдік есірткілерінен де қауіпті. Өсімдік есірткісін пайдалануы көргендердің ішінде жүре келе ес жоғары, зиянды заттан біржола бастартып, дұрыс жолға түскендер бар.

Ал, синтетикалық есірткіні бір рет пайдаланған адам бірден тәуелді болып қалады. Мұның дөмін тапқан адамға алғаш жоқ жерден ерекше қайрат бітеді. Бір рахат күйге, алдамшы сезімге бөленеді. Бірте-бірте

галлюцинация пайда болып, көзіне неше түрлі құбықыстар елестеп, әр сәті азапқа айналады. Есірткіге тәуелді адамдарда жақынына, тіпті

туған анасына деген жанашырлық сезім болмайды, – дейді дәрігерлер.

Тіпті, елімізде синтетикалық есірткіге қарсы Айтөре Жолдасқалидың режиссерлігімен «Sheker» атты сериал түсірілді. Бұл сериал

2020 жылы көгілдір экранға жол тартты. Көптің көңілінен шығып, ойға қонымды пікірлер қалыптастырды. Бұл дегеніміз, елімізде есірткіге қарсы жастардың өсіп келе жатқандығын аңғартады.

Есірткіге тәуелді адамдарды емдеудің тиімділігін арттыру ремиссияның мерзімі мен ұзақтығын бекітуге және толық емделуге қол жеткізуге мүмкіндік беретін медициналық-әлеуметтік нақталумен тікелей байланысты.

Бірінші вице-министрдің айтуынша, бүгінгі таңда 3 кезеңдік бағдарлама тек 11 өңірдегі пациенттер үшін қолжетімді. Қалған 9 өңірде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, медициналық-әлеуметтік нақталу бөлімшелерін ашу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Ресми статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстанда психоактивті заттарды қолданудың салдарынан динамикалық бақылауда – 108 851 адам, оның ішінде алкогольге тәуелді – 90 608 адам, есірткіге тәуелді 18 243 адам тұрады. Есірткіге тәуелді адамдардың арасында 1 498 әйел және көмелетке толмаған 97 бала бар.

Аққайың СЕРҒАЖЫ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті

Жауапкершілік күшейді

Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне көз жүгіртсек, елімізде жыл сайын 10 мыңнан астам зорлық-зомбылық дерегі тіркеледі. Сарапшылар нақты статистика кем дегенде төрт есе жоғары болуы тиіс деген пікір айтады. Өкініштісі, зардап шегетіндер – сол құқық бұзушының ең жақыны, бірге тұратын отбасы мүшелері.

Осыған орай, 2022 жылғы қыркүйекте ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату жөнінде тапсырма берген болатын.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген мұндай адам дене, психикалық, моральдық зәбірден бөлек қорғаныссыздық күйге ұшырайтыны анық. Көп жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасы ашық айтылмай, әлеуметтік проблема ретінде қаралмай келеді. Себебі, отбасы мүшелері мұндай әрекеттерді көпшіліктің білмегенін қалайды. «Ұят», «Намыс» сияқты моральдық компоненттерді алға тартып, өзінің конституциялық құқығының бұзылуына, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтынын, әркімнің ар-намысы мен абыройының қорғалуына құқығы барын біле тұра, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының орын алуына бұл туралы ашық айтып арқылғы жол береді.


Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 73-бабына сәйкес, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бұздыру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер үшін ескерту немесе 5 тәулікке қамауға алу жазасы көзделген. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он тәулікке дейінгі



мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Осыған байланысты, ӘҚБт-ҚРК-не өзгерістер енгізіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. ӘҚБт-ҚРК-нің аясында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқықбұзушылықтар жасағаны үшін (73-бап, 73-1 бап,

73-2 бап, 461-бап, 669-баптың 2-бөлігі, 669-баптың 3-бөлігі) әкімшілік қамауға алу мерзімі айқындалған (бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеу алынып тасталып, 5, 10, 15, 20 тәулік қамауға алу қалдырылды), сондай-ақ қайталанған құқықбұзушылықтар бойынша 25 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу мерзіміне ұзартылды.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – БЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

басындағы құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу факторларына азаматтардың мәдениеті, таным,

Бұл заң 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу – әкімшілік-құқықтық сенім әдістерімен жүзеге асады. Алдын алу шаралары ретінде ауыр және аса ауыр қылмыстар деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, от-

құқықтық мәдениеті, өзінің эмоциясын және білу сияқты тұлғалық қасиеттері жатады.

құқықтық мәдениеті, өзінің эмоциясын және білу сияқты тұлғалық қасиеттері жатады.

В.МАХАБАЕВА,
Қарағанды қаласының
әкімшілік құқықбұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

• НЕСИЕ

Мүмкіндікті мүлт жіберме

1 маусымдағы дерек бойынша, 2,5%-бен жеңілдетілген шағын несие алуға 3,1 мыңнан астам өтінім түсті. Биыл «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ 5 796 микрокредит беруді жоспарлап отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalıq Qazaqstan»

Кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін жастарға берілетін шағын несие мөлшері – 5 млн. теңге. Кез келген мақсатқа 5 жыл, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жыл қарастырылған. Шағын несие 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға өз кәсібин ашуға немесе оны кеңейтуге беріледі.

Конкурстық комиссиялардың шешімімен 1247 жоба мақұлданды, оның ішінде 507 жобаны іске асыруға кредит берілді. Басым бөлігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы



және жеңіл өнеркәсіп саласын қамтыды.

Микрокредит алушылар үшін негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезек берілетінін айта кеткен жөн. Ол микрокредит мерзімінің үштен бірінен аспайды. Кепіл қою міндетті шарттың бірі. Оған жылжымалы (мамандандырылған техника) және жылжымайтын мүлік қабылданады.

• БІЛІМ

Халықаралық сайыстан жүлделі оралды

Массачусетс штатында мектеп оқушылары арасында робототехника пәнінен US Open FIRST LEGO League халықаралық чемпионаты өтті. Оған Қарағанды және Шымкентік оқушылар қатысып, жүлдемен оралды.

Өлеңнің 20 елінен 700-ден астам оқушы қатысқан шара үш күнге созылды. Байқауда Қарағандыдағы «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты мен Шымкенттегі Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары бақ сынады.

Қарағандылық команда Champions Award аталымында қола жүлдегер атанса, Innovation Project бағытында сынға түскен шымкенттіктер де үздік үштікке енді.

Жарты жылдан астам уақыт дайындалдық. Қарсыластар да осал емес. Алайда, бойдағы қорқынышты жеңіп, қабілетімізді

көрсеттік. Жобамызды сәтті қорғап, көпшілікке толық таныстыра алдық, – деді Акбар Еркемов есімді қатысушы.

Сонымен қатар, жарысқа қатысушылар MIT, Boston University және Harvard сынды жоғары оқу орындарының инженерлік факультеттерін аралап, профессорлар құрамымен кездесті.

Жерлестерімізді алған жүлдесімен құттықтаймыз.

Нұрзат ТІЛЕУБЕРГЕН,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды университетінің
III курс студенті

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Қаңыраған үйлер қалпына келтірілуде

Қарағандының дәл іргесінде бес километр жерде жатқан Доскей ауылындағы бес қабатты бірнеше үй сонау тоқсаныншы жылдары тұрғындардың жан-жаққа үлере көшуінен қаңырап, бос қалған еді. Енді кейінгі екі-үш жылда «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде оларды қалпына келтіру қолға алынып, пәтер кезегінде тұрған елдің алды қоныстана бастады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalıq Qazaqstan»

– Бес қабатты үйлердің алтауы сот шешімімен аудандық коммуналдық меншікке өтіп, үшеуіне күрделі жөндеу жасалып, әлеуметтік осал топтағы отбасылар қоныстанып та үлгерді, – дейді Бұқар жырау аудандық тұрғын үй қатынастары бөлімінің басшысы Айнагүл Исақова.

Атап айтқанда, 2021 жылы Доскей көшесіндегі 38-үйдегі 40 пәтерге, 2022 жылы 41-үйдегі 40 пәтерге және 42-үйдегі 60 пәтерге доскейлік 140 отбасы кіріп, қоныстой тойлаған. Жалға берілген бұл пәтерлерге не болған жандардың көңілі жайланып, қуанышқа кенелген екен.

– Бұл үйлердегі жағдай қаладағы бір де кем емес, – деген Доскей ауылдық округінің әкімі Ерболат Тоқмырза бізді 41-үйдің 4-пәтеріне бастап барды. Мұнда көпбалалы

Қинат Тұрсынбаев пен Назгүл Ноғайдың отбасы жайғасыпты. Екеуі де үш бөлмелі пәтердің орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылғанын, су мен электр жарығында еш ірікілік жоқтығын, ауалар абағандырылып, балалардың ойын және футбол алаңына дейін жарактандырылып, жабдықталғанына разы.

Ал, биыл аудандық коммуналдық меншікке өткен 36, 37 үйлердің конкурстық рәсімдер қорытындысы негізінде мердігері болып белгіленген «РАЙС КЗ» ЖШС жөндеу жұмыстарын бастап та кетті. Өрқайсысы 30 пәтерден тұратын бұл екі үйдің күрделі жөндеуіне облыстық бюджеттен әзірге 300 миллион теңге бөлінсе, жобалық-сметалық құны 628 миллион теңгеден асатын осынау қос нысанға қажет ақшаның қалған бөлігін аудандық бюджеттен қарастырмақшы көрінеді.

Келесі 30 пәтерлік 35-үйдің де жобалау-сметалық құжаты жақында әзірленіп



бітіп, конкурс жарияланбақшы. Жоспар бойынша екі жылға белгіленген бұл шаруалар аяқталған күнде тағы да 90 доскейлік жаңғырып, жасанған пәтер кілтінге ие болары хақ. Сонда ауылда пәтер кезегінде тұрған 136 адамнан 46-сы ғана қалмақ. Халқының саны 4500-ден асатын елді мекен үшін бұл жаман көрсеткіш емес, әрине.

Ендігі бес қабатты үш үй Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 жылдың 11 наурызындағы «Мемлекеттік меншікті аудан-

дық коммуналдық меншік деңгейінен облыстық коммуналдық меншік деңгейіне беру туралы» 17/06 Қаулысымен облыстық басқармалардың балансына берілген. Яғни, Доскей көшесіндегі 40-үй облыстық мәдениет басқармасына, ал Мир көшесіндегі 1-үй облыстық білім беру басқармасына, 2-үй облыстық денсаулық сақтау басқармасына көшкен. Қазірде осы соңғы екі үйдегі күрделі жөндеу жұмыстарын «Градостройсервис» ЖШС ұжымы атқаруда. Аталған

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Нұрлан ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ:

«Тәжірибе уақытпен келеді»

Ауызекі тілде ЛОР аталып кеткен отоларинголог мамандар бірден үш органның ауруын емдейді. Құлақ, мұрын және тамақ бір-бірімен тығыз физиологиялық байланыста. Сол себепті бұл органдардың ауруларын кешенді емдеу қажет болады. Аллергиялық асқынулар, тамақтың ісіуі, мұрынның бітуі жазда жиі мазалайтыны рас. Осы аурулар туралы Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың оториноларингология бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Құлмағанбетовпен аз-кем сұхбаттастық.

– Нұрлан Құлмағанбетұлы, өзіңіз басшылық етіп отырған бөлім жұмысының ерекшелігі неде?

– Біздің оториноларингология бөлімшесі – облыстағы жалғыз бөлімше. 25 жатын орын бар. Бірінші және екінші санаттағы сегіз дәрігер жұмыс жасайды. Құлақ, мұрын, көмекей ауруларымен ауырып келген адамдарға шұғыл түрде көмек береміз. Облыстан бөлек, еліміздің басқа да аймақтарынан порталмен келіп ота жасатады. Кезек өте көп, кейде орын жетпей жатады.

– Мұрын, құлақ, тамақ. Осы үшеуінің қайсы көбірек кездеседі?

– Ең көп таралғаны – гайморит, синусит. Науқастардың 100-ден 40 пайызы осы аурумен келеді. Тағы 40 пайызы құлақ аурулары, қалған 20-сы көмекей, жұтқыншақ сырқатымен келіп жатады. Көбі аурудың асқынып кеткен шағында, мұрыннан қан кетіп, естен танған шағында түседі. Ондай жағдайдағы науқастар қабылдау бөлімінде толық тексеріледі. Сол арқылы естен тану себебі анықталып, тиісті ем жасалады. Адам гаймориті бар екенін біле тұра мән бермей жүре беруінің салдарынан осындай жағдайлар орын алады.

– Ота қалай жасалады?

– Бізде барлық заманауи құрылғылар бар. Құлақтан немесе мұрыннан кеткен ірің миға кеткен жағдайда шұғыл ота жасалады. Ота барысында жиналған ірінді тазалап, мидың қапшығына дейін барамыз. Гайморит болса мұрыннан және еріннің астынан, құлақ болса, оның артын кесіп жасаймыз. Жалпы, жылына 2 мыңға жуық ота жасалады ғой.

– Аденоидқа ота жасату қаншалықты дұрыс шешім?

– Аденоидқа ота жасау тек үшінші, төртінші сатысында, асқынған кезде жасалады. Бірінші, екінші сатысында емдеу қажет. Бұл ауру көбінесе жас балалар мен жеткіншектерде кездеседі. Отаға рұқсат үш жастан бастап беріледі. Аденоид асқынғанда бала мұрынмен емес аузымен демалады, аузын ашып ұйықтайды, қорылдайды. Ол құлаққа да берілуі мүмкін. Осындай жағдайда шұғыл түрде ота жасалуы керек. Уақытылы көмек көрсетілмесе, баланың бет-сүйегі, жағы қисаюына алып келеді.

– Мұрынға тамызатын тамшыларды жиі қолданған адам ота үйреніп алады, тіпті, тәуелді болып қалады дейді. Бұл мәселенің шешімі бар ма?



– Расымен бұл қоғамда көп кездесетін проблема десек болады. Адамның тамшыларды ретсіз қолдануы ота үйреніп алуына әкеледі. Содан адам өмір бойы соны пайдаланып жүре береді. Бұл жағдайды да біз ота жасау арқылы емдей аламыз. Отадан кейін ондай дәрілерді қолдануға түбегейлі тыйым салынады.

– Аллергиялық ринит пен кәдімгі тұмаудың белгілері ұқсас ма? Қалай ажыратуға болады?

– Бұл екі аурудың сипаты мүлде бөлек. Аллергиямен ауыратындар жыл сайын белгілі бір кезде ғана мұрны бітеліп, түшкіруі мүмкін. Ал, суық тию кезінде дене қызуы көтеріліп, бас ауырады. Аллергияны алергологтар емдейді. Егер олар емдей алмайтын жағдай болса, сонда ғана бізге жібереді. Сол кезде біз ота жасау арқылы емдейміз.

– Еңбек жолыңызды қашан бастадыңыз?

– Мен 1982 жылы Қарағанды медицина университетін бітірдім. Еңбек жолымды Ақтоғай аудандық ауруханасында хирург болып бастадым. 1987 жылдан бастап сегіз жыл Балқашта ЛОР-хирург болдым. Одан кейінгі уақытта осы Қарағанды қаласында қызмет атқарып келемін. Жалпы жұмыс отіліме – 41 жыл.

– Сіздің ойыңызша, мықты дәрігер болу үшін не қажет?

– Бірінші орында әрине білім тұрады. Оқу орнының қабырғасында неғұрлым жақсы оқып, көп біліп шығуға талпыну керек. Жақсы хирург болу үшін еңбек жолын аудандық жерден бастаған абзал. Сол жерде жүріп көп нәрсе үйренуге болады. Бірден мықты маман болып шығу мүмкін емес. Тәжірибе уақытпен келеді. Білімін жетілдіріп отыру да маңызды.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Сұхбаттасқан
Диляра ӘБШЕВА,
Е.Бокетов атындағы
Қарағанды университетінің
II курс студенті



серіктестік құрылысшылары 2-үйді алдағы тамыз, ал 1-үйді қыркүйек айларының аяғына дейін толық қалпына келтіріп, оларға дәрігерлер мен педагогтардан 80 отбасы қоныстанады деп күтілуде. Ал, қалпына келтірілген 40-үйдегі 40 пәтердің игілігін мәдениет қызметкерлері көреді.

Сөйтіп, Доскей ауылына кіреберістегі қаңыраған тұтас бір орамға жан бітіп, ол шағын қалашыққа айналды, сән түзейтін күн де алыс емес...

Бұқар жырау ауданы



• ДЕРЕКТІ ПРОЗА

Егес

Әуезхан КӨШІМ,
ақын, жазушы

Тонын айналырып киген дәулет тұрпаттас, түкті таулар қоршаған шағын қала үйлерінің көбі қарағайдан қиылған, азы қызыл кірпіштен қаланған. Осы шахардың бел ортасында ақ айдарлы тырнаға ұқсас сымбатты шіркеу тұр, кресттерін аспанға шаншып. Сол кресттер астындағы күмбезден төменірек шыр айнала қоршалған көрнез ернеуінен қазір аяқ астында өнілген адам болса, қаланың шығыс жақ ірге тұсынан кең дара сай болып басталып, содан әрі жазық ауқымға айналған өлке табиғатына қарай ағыла төгілген жұртты көрер еді. Аттылы-жаяулы, арбалы-күймелі қимыл-қозғалыс көктемде бұзыла-жарыла көшкен өзен тақлеттес, тегі бұл неңдей көшкін екен. Мұнда бір үлкен той кеше түс кезінде басталған еді, сол дүрмек әлі де аяқталмаған, көл-көсір тойды жасаушы қарапайым кісі емес, қазақтар татар көпесі – Халит деген адам. Қолы ұлан-асыр байлыққа жеткен соң енді оған атак керек болған. Ол сондықтан да үшінші кенже ұлының үйлену тойын әйгілеп, дүрілдетіп өткізбекші. Халит көпес сол себепті бұл тойына Қарқаралы дуанына қарасты жиырмадан аса болыс, елдерден өзімен сыйлас, сыбайлас және басқа да беделді жандарды шақырған. Ат шаптырмақ. Балуан күрестіремек. Осындай кілең шонжар қонақтарға сый-құрмет көрсету жеңіл-желпі жұмыс па екен саба-саба сары қымыз, сандаған дәуі-дөкей табактармен тағам тарту арсалаңының өзі кешегі түн ортасына дейін созылған. Ал ең үлкен дүрмек бүгін таңертеңнен бастап қыза түскен. Шахардың анау төменгі жағындағы алқапқа ел-жұрт қазір болыс-болыстарына қарай бөліне дөңгеленіп жайғасқан. Жиын көлемі өте мол, ауқымды алқап бойында саңылау жоқ дерліктей, қараң-құраң теңізше тоқиды.

Бұл жиынға тобықтыдан аға сұлтан Құнанбай қаракесек-кәрсөн руынан Көпжан, сарым жұртынан М.Жанғұтты сияқты шонжарлар келіп тоғасқан. Міне, сонайдандон дөңгелене шеңберленген, бел ортасы ашық, қалың қара құрық тойшылардың алдына, қою қара мұртты, қозы қарын бақа көздеу, орта бойлы біреу шыға келді. Үстіне татар үлгісімен пішілген күрең бешпент, шалбар, қасына шпаяла, аяғына ботинка киген сол маңғаз адам тең ортақ алаң ортасына жетіп тұра қалды да: – Уа, – деді – әр елдің жақсылары мен жайсаңдары бәйге аттар айдалды. Қане, енді үлкен тойға арнап әкелген балуандарыңызды атаңыздар. Айналадағы құжынаған көпшілік бір сәт тына қалысты. Тау бөктеріне таман орналасқан, ең бір салтанатты шоғыр ортасында, өзгелерден шоктығы асқан, зор денелі, қарасұр кісі бадырайған ауқымды жалғыз көзін қасындағы, құбақан келбетті адамға төңкере қарап, иегін көтерді. Жалғыз көз сұсты Құнанбайдың құнақ серіктесіне нұсқағанды тастан соққан моладай, дөкей қара кісі өз тобының оң жақ қанатын ала тізе бүккен екен. Сол құж адам

«Қазақтың Пришвині» атанған талантты жазушы Әуезхан Көшім – 1911 жылы 15 желтоқсанда, қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, бұрын «Айран» қазір «Доңғал» темір жол бекетінен 5-6 шақырым жерде, нөмірі 3 ауылда туған. Сәкен Сейфуллин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Ермеков, С.Асфендияров сынды тұлғалардың батасын алып, қамқорлығында болған қаламгердің «Бозайғыр», «Ақ лақ», «Кең талғау», «Күй сөйлейді», «Қоңіл күйі» атты жыр жинақтары жарық көрген. «Ақиынның әңгімелері» (1948 ж.), «Қарт мергеннің айтқандары» (1957 ж.), «Күй сөйлейді» (1961 ж.), «Қаңбақ шал», «Ұр тоқпақ» пьесалары «Жан серік» повесі бойынша өз өмірінен алынған. 1940 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болған. Жарияланбаған еңбектері де баршылық.

Құрметті оқырман, назарларыңызға Нұрлан Ошан мырзаның жазушының қолжазбасы негізінде әзірлеген «Егес» атты әңгімесін ұсынамыз.

РЕДАКЦИЯДАН



оң қолын белсенген қалыпта, жалаңбас, жалаңаяқ күйінде жүрелеп отыр. Аға сұлтан Құнекеннің, жауыры жерге тимеген түйе балуаны осы болса керек. Жалғыз көз аға сұлтанның қасындағы шап-шақ елгезек кісі отырған орнынан шұғыл қозғалып, тең ортақ алаңда жауап күткен жаршыға ұмтыла түсті де: – Ау, Алдаберген төрешігім, Құнекеннің балуаны дайын, мынау отырған сол. Біз бәсекеге соны саламыз. Бас бәйгедең дәмесі барлар атасын белдесуге жарар балуаның, – деп қомдана берді.

– А, әлеумет, а, әр елдің беделді басшылары бас бәйгеге дайындаған мықтыларың бар ма еді? Кәне, айтыңыздар – қозы қарын жаршы тең ортада қораздана қойқандағы. Төңірек жым-жырт, үн шықпады біразға дейін.
– Ау, қаракесек, кәрсөн, сарым жұртының жақсылары, қайда-сындар? Кәне-кәне қарсыға шығар балуандарың бар ма, жоқ па? Болындар, – деп жаршы тағы да алқа қотан отырысқан көпшілікті жағалай шоқты.
Аға сұлтан қауымына кара-

ма-қарсы жайғасқан шоғыр ортасынан күптей, маңғаз, жалаңбас ақ сары кісі көтерілді де:
– Ау, айқайшы, жаршы мырза, – деді дауыстап, – Құнекеннің түйе балуанымен белдесуге жарар тірі жан бұл жиыннан табылмайды. Аруағы асқан аға сұлтан ала берсін бас бәйгені, талас жоқ, – деді.
Мұны айтқан жалаңбет сары кісі, қаракесек-кәрсөн елінің болысы Көпжан еді.
Ескерте кеткен жөн болар, бұл маңғаз Көпжан аға сұлтан Құнанбаймен көптен сыбайлас, әріптес кісі, екеуі көптен танымал. Бұл да Құнанбай үлкен әмірші болмағанымен, патша үкіметіне еңбек сіңірген кісі: Патша әскерлері Кенесарының қолын арқа алабынан Бетпақдалаға қарай ығыстыра бастаған кезде, әскерге азық-түлік, қару-жарақ, басқа да жүк тасымалдарға керекті көліктер мен жол-жөнекей қызмет етуге қажет жігіттерді жинап беріп отырған. Көпжан патша үкіметіне жасаған қолғабысы үшін шен-шекпен, сонымен қоса әскери лауазым – харонжий деген атақ алған кісі. Мұндай адамды аға сұлтан Құнанбай білмегенде, елемегенде қайтпеді.
Көпжан мырзаның жанағы, жоғарғыдай сөзінен кейін қозы қарын, бақа көз жаршы үшінші рет төңірекке көз жіберді де:
– Ә, халайық, – деді, – Құнекеннің балуанымен белдесуге жарар жан табылмады. Ендеше, бәйге балуандарың бар ма, жоқ па? Болындар, – деп жаршы тағы да алқа қотан отырысқан көпшілікті жағалай шоқты.
– Әй, сымпылдақ бершіл, тоқтай тұр, жыпылдамай, – түйе

балуанның арт жағындағы топ арасынан Құнанбайдың өзі түрегелді, жардай болып, – Уай, қаракесек-кәрсөн елінің қошқары, Көпжан мырза, басыңды көрсете сала бұқпантайлама. Сен шіркін, текеше бір бақ еттің де, жым-жырт бола қалдың ғой. Өзінде намыс бар ма? Өзің басқарған үш мың үйлі жауынгер жұрттан топқа түсер бір ұл тумап па екен? Шығар бері балуаныңды, – деп дауыстады.
Қарсыда отырған орнынан аспай-саспай, баппен түрегелген Көпжан:
– Құнеке-ау, буынсыз жерге пышақ ұрғанмен мән шықпайды ғой: тау мен тастақ төбе бой теңестіре алмайды. Талас жоқ, ала беріңіз бәйгенізді, – деп қайыра малдас құрды.
– А, Көпжан, айлалы Көпжан аузыңды қу шөппен сүртпе. Белдесуге балуан таба алмасаң, батырларыңның бірін шығар...
Атап айтайын, анау, қасында дүрліген тірі аруақты қайда қоясын. Соныңды әкел, – деді.
Құнанбайдың тірі аруақ деп меңзегені, Көпжан болыс тобының бел ортасында, үстіндегі сауыт-саймандарымен, обалай болып отырған Ағыбай батыр еді. Қатарласа тізе бүккен, бірі – күректей сары сақалды, екіншісі шоқша қара сақалды, шапшақ құбақан кісі – Көпжанмен Маңғұтты бірінші бетіне бірі жалтақтай қарасты. Осыдан кейін ол екеуі еңкейе бас түйістіріп, шөкелеген нар түйедей Ағыбайға назар аударысты. Бірақ, тіл қатқан жоқ.
Ағыбай ештемені елемегендей, сезбеген жандай-ақ, тапжылыр емес. Екі құлағы тебінгідей болып атжақты келбетіндегі үлкен көзін қарсыда қожырайған Құнанбайға қадап қалыпты.
Екі оттың ортасына түскендей-ақ, қинақтай қалған, қозы қарын жаршы:
– Кәне, кәне Құнекеге жауап қайырыңыздар, – деп Көпжан мен Маңғұттыға жалтақтай берді.
Ағыбай сонда ғана, ешкімнің итермелеуінсіз-ақ, орнынан жайлап түрегелді де, аяғын алшаңдай нық басқан қалпында, үстіндегі сауыт-саймандарын жарқылдатпай, қарсы алдында төбедей болып отырған түйе балуанға жақындай берді. Айналадағылар қозғалақтап, дүрліге бастады:
– Әй, сабаз-ай, әлі де айбынды екен ғой. Қарандаршы, бөрі басар нық бүркіттей емес пе.
– Ойпыр-ай, сөйтсе де анау піл мұны алып соғар.
– Иә, иә, аруақты батырдың абыройы төгілмесе неғылсын дескен үндер естіле бастады жанжақтан.
Бірақ, бұл дабырды елеген Ағыбай жоқ, жүріп барады. Аға сұлтан Құнанбайдың Ағыбай батырға қырықбақ көрсетер реті бар: Халит көпестің, асқа бергісіз үлкен тойына сауын айтылған

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Ұлы Дала ойындары мәреге жетті

300-ден астам ұлттық спорт әуесқойларын біріктірген «Сарыарқа – Ұлы Дала ойындары» атты фестивалдің екінші кезеңі аяқталды. Нұра жерінде өткен фестивалде көкпар, садақ ату, арқан тарту, тағы басқа спорт түрлерінен жарыс өтті.



Көкпарда екі лигада 23 команда өзара бақ сынасты. Бірінші лигада Бұқар жырау ауданының «220 вольт» командасы үздік атанды. Екінші орынды Нұра ауданының «Рассвет» командасының қатысушылары жеңіп алды. Үздік үштікті «Изенді Арландары» атты Нұра ауданының командасы еншіледі.

Жоғары лигада Шет ауданының «Ақсу-Аюлы» командасының шабандоздары жеңіске жетті. Екінші орын осы ауданның көкпар әуесқойлары – «Ақсу-Аюлы жастарына», үшінші орын Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің «Жанали» командасының шабандоздарына бұйырды.

– Көкпар өте керемет болды. Біз жоғарғы лигада бірінші орынға ие болдық. Біздің команда облы-



стағы ең мықты командалардың бірі. Бірақ қарсыластар да осал емес. Жалпы, соңғы үш жылда облыста ат спорты жақсы дамып келеді. Үздік үштікте Шет, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарының шабандоздары бар. Сондай-ақ, ақтоғайлықтар арасында да мықты командалар бар. Маусым айының соңында Ақтоғайда спартакиада өтеді. Біз оған дайындалып жатырмыз, – деп атап өтті «Ақсу-Аюлы» командасының қатысушысы Дидар Есмахаев.
Аударыспақта бақ сынасқандардың да бәсі басым түсті. Қатысушылар өздерінің күші мен естілігін үш салмақ дәрежесінде көрсетті. Шет және Нұра аудандарынан Фархат Советов, Ерганат Тайжанов және Азамат Жаркен үздік деп танылды. Арқан тартуда Нұра ауданының ерлер және әйелдер командалары оқ бойы үздік шықты. Қой көтеруде Қарқаралы ауданынан Әділет Серікпаев үздік нәтиже көрсетіп, екі минут ішінде 50 рет көтерді.
Барлық жеңімпаздар медальдармен, кубоктармен және демеушілер ұсынған бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қолжазба негізінде әзірленген Нұрлан ОШАН


• ҰСЫНЫС. ПІКІР. ПРОБЛЕМА

Мұғалім саған айтам, ата-ана сен тыңда!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында білім сапасын, әсіресе, орта білімнің деңгейін арттыру үшін батыл шешім қабылдау қажет екенін айтты.

– Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек. Бұл мәселе менің айрықша назарымда екенін білесіздер. Себебі, Қазақстанның басты байлығы – адам. Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті. Бала-бақша тапшылығы біртіндеп азайып келеді. Барлық облыста мектеп салу, оны жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Оқу орындарын материалдық-техникалық жабдықтау ісі жанданды, – дей келіп, білім саласында түбірлі өзгерістерге әзірлік қажет екенін баса айтты.
Білім саласында жүргізіліп

жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл шығармашылық тұрғыда қызмет ете алатын дүниетанымы жоғары білім бәсекесіне қабілетті жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің бас талабы.
Сабақ түрі де жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жанарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім түйсіктеріне не әсер етсе, білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Ол үшін мұғалім сабақ



лып қоймай, тың ізденістер жасауы тиіс. Сондықтан, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана

қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Оқушының мемлекеттік стандартты ғана игермей, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай

білімін дамытуға мүмкіндігі болады. «Бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, мұғалімнің міндеті – оқушы бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашу. Кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының өмір бойы жинақтаған тәжірибесін меңгеріп, сонымен қатар, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Білім беру үрдісінде әлдебір проблеманы өзі шешуге талпыну арқылы өз қызығушылығын қанағаттандырау, өз идеясын жүзеге асыруға күш салады.
Қазір заманымыз жақсарып, халықтың әл-ауқаты артып келеді. Дегенмен де, әртүрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына бала-лардың еріп кетпеуін қадағалағанымыз жөн. Ата-аналар балаларды мүмкіндігінше көп уақыт үйде жалғыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, мектепке қалай барып келуін, күнде қанша сабақ болып, қаншада

қайтатынын біліп отыру керек. «Тәрбие – отбасынан басталады» десек те, күйбең тіршілікпен жүріп, отбасындағы әрбір баланың әрекетін, қылықтарын бағалап, бағыт-бағдар беруге кейде уақыт аз болады. Әрбір ата-ана баласының ынтыасын, қызығушылығын байқап, оның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасап, ықпал етуі керек.
Баланың сабақтан тыс уақытын қалай ұйымдастыру керек? Олардың кітап оқуына, мәдени тынығуына жағдай жасап, көмектескеннің өмірлік маңызы бар. Осы орайда білім ошақтарында сабақтан тыс өткізілетін қосымша білім берудің алар орын ерекше екенін баса белгілей атап өткім келеді.
Мектеп пен ата-ана ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқасүйер азаматтары тәрбиеленіп шығарына сенім кәміл.
Ботағоз БАЙМҰРЗИНА,
педагог-психолог
Шет ауданы, Ақадыр кенті

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Ақиқатты іздеген ақын һақында

Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде, Алаш арысы, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай дөңгелек үстел өтті.

Республикалық Мағжан оқуларының қатысушылары, М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп оқушы-

нақтарға ақжарма алғысын білдіріп, Мағжан «Сенген жастарға» ақжол тіледі.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға шақырылған қонақтар қатарында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, академик Жандос Смағұлов, Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақан, осы жолдардың авторы, Облыстық мемлекеттік архивінің басшысы Алмас Тәжіғұлов, Қарағанды облысының мемлекеттік архиві көмір саласының жеке құрам бойынша филиалының басшысы Бейбіт Қуанышев, Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназияның қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөддір Альжанова бар. Олар осы гимназия оқушылары мен № 21 не-



гізгі орта мектептің жас сарбаздарына Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің қызметкерлеріне ақынның көркем шығармашылығы мен ұлтқа арналған ғибрат пен тауқыметке толы тағдыр-талайы туралы көптеген мәліметтер айтты.

лары Бекнияз Қайрат бен Арсанат Тұрсынбай ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыса, № 21 мектеп оқушыларымың бұралған биімен көрерменнің тәнті етті. Сөз соңында мекеме басшысы Алмас Тәжіғұлов дөңгелек үстелге қатысушылар мен қо-

Шара аясында туған жеріне, халқына қызмет етудің үлгісіне айналған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ақиқатты іздеген ақын» атты тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылды.

Хабарландыру

Қарағанды облысы тұрғындарының назарына!

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік тілдің қоғамдық рөлі мен маңызын арттыру, тілдерді дамыту мен мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға үлес қосқан тұлғаларды көтермелеу және оларға қолдау көрсету мақсатында тағайындалатын Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығына келесі номинациялар бойынша үміткерлердің құжаттары (материалдары) қабылданып отыр. Хабарлайды:

- 1) «Тіл майталманы» номинациясы – мемлекеттік тілді дамыту мен танымал етуге елеулі үлес қосқан, сондай-ақ, оқу және мәдени-ағартушылық бағдарламалардың, әдістемелік құралдардың әзірлеушілері мен жүзеге асырушылары болып табылатын, қоғам өмірінің әр саласында қазақ тілінің кең қолданылуына бағытталған мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысып жүрген 35 жастан асқан шығармашылықпен айналысатын азаматтар және зиялы қауым өкілдері арасында;
- 2) «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» номинациясы – облыстық мемлекеттік және бюджеттік мекемелерінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуіне айтулы үлес қосып жүрген мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік және азаматтық қызметшілері, шпатаған тыс мамандары арасында;
- 3) «Тіл жаршысы» номинациясы – мемлекеттік тіл саясатының өзекті мәселелерін жүйелі әрі сапалы жариялағаны және материал беру бірегейлігі мен кәсібилігі үшін қазақ және орыс тілдеріндегі баспа бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері және шпатаған тыс қызметкерлер арасында;
- 4) «Үздік телехабар» номинациясы – тіл саясатын жүзеге асыру бағытындағы мәселелерді көтерген арнайы, сапалы телехабарлар ұйымдастырғаны және материалдарды берудегі шығармашылық пен бірегейлік үшін қазақ және орыс тілдеріндегі электронды бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында;
- 5) «Жас полиглот» номинациясы – мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде конкурстарда, олимпиадаларда, жобаларда грамота, диплом, сертификаттар мен басқа да наградаларға ие болған 14-35 жас аралығындағы жастар арасында;
- 6) «Тіл білгірі» номинациясы – мемлекеттік тілді еркін меңгерген, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық конкурстардың жеңімпаздары және жүлделі орын иегерлері болып табылатын 14-35 жас аралығындағы өзге ұлт өкілдерінің жастары арасында;
- 7) «Мемлекеттік тіл – бизнесте» номинациясы – облыс аумағында кәсіпкерлік жүйесін жүзеге асыру барысында ұлттық құндылықтарды насихаттауға және мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге үлес қосып жүрген шағын және орта бизнес өкілдері арасында;
- 8) «Үздік оқытушы» номинациясы – ересектерге мемлекеттік тілді оқытуда жетістіктерге жеткен, тіл үйретуде озық технологияларды, жаңа әдістерді қолданатын, бірегей әдістемелік өнімдердің авторы болып табылатын тұлғалар арасында.

Қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) түйіндеме,
- 2) өмірбаян,
- 3) жұмыс, оқу орнынан ұсыныс хат;
- 4) 1 фотосурет (өлшемі 9x12);
- 5) жеке куәліктің көшірмесі;
- 6) мемлекеттік тілді дамыту және жетілдіру бойынша жобалық ұсыныс;
- 7) мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту саласында жеткен жетістіктерін растайтын құжаттардың және материалдардың көшірмелері (грамоталар, дипломдар, алғысхаттар, сертификаттар, мақалалар, жарияланымдар, тақырыптық телехабарлар, бағдарламаларда қатысқанын растайтын анықтамалар және олардың CD/DVD көшірмелері). Құжаттар конкурста тапсырғанға дейін соңғы 3 жыл көлемінде атқарылған жұмыс нәтижесі бойынша ұсынылуы тиіс.

Сыйлықа үміткер тек бір номинация бойынша қатыса алады. Құжаттар Қарағанды қаласы, Ғ. Мұстафин көшесі, 6/4 үй мекенжайында орналасқан Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасында қабылданады. Құжаттарды қабылдаудың соңғы күні: 2023 жылғы 4 тамыз.

Анықтама телефоны: 8/7212/513800. №162

• СЛЕТ

Лагерьдегі өрендер өнері

Қарағанды облысының жазғы лагерьлері жұмысын бастады. Бүгінде мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлерде балалар жазғы демалысын қызықты өткізуде. Ақтоғай ауданындағы «Факель» балаларды сауықтыру лагерьінде талантты балалардың басын қосқан «Өнерлі жас – өңір мақтанышы» атты II облыстық слет өтті. Жүзден аса талантты да дарынды бала қатысқан слет биыл екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Оқушылар Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округіндегі Бектау ата шатқалының табиғатын тамашалады.



Гүлжүр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өнерлі жас – өңір мақтанышы» атты облыстық слетке 5-6 сынып оқушылары қатысты. Үш күнге созылған слетте номинация бойынша байқаулар мен спорттық жарыс

бағдарламасы дайындалды. Сонымен қоса, би кеші мен от жаққан алау маңында ән кеші өтті. Саяхат кезінде олар Бектау ата шатқалының табиғатын тамашалады. Қатысушылар әдеби, ән және би байқауларында өнер көрсетті. Облыстық слеттің биылғы жеңімпазы

деп Бұқар жырау ауданының командасы танылды. II орынды Шахтинск қаласының оқушылары алса, Қарқаралы ауданының командасы III орынға ие болды. Жеңімпаздар мен жүлделерге кубок пен диплом табысталаып, ақшалай сертификат берілді. Ақтоғай ауданы

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 1,59 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412. №163

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: fink.kar@minfin.gov.kz Д

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны: 43-21-55

Электрондық пошта: ortalysk.kaz@mail.ru

• ЖОБА

Әсерге бөлеген әрлі кеш

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен орталық мәдениет және демалыс саябағының жаңа сахнасында «Ашық аспан астындағы театр» жобасының ашылуы өтті. Қасиетті қара шаңырақ Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының белгілі әртістері Дина Зантова, Серік Сұлтанұлы, Айдар Нұрмағанбетов, Әнел Сағындықовалар театрдың симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен «КӨҢІЛДІ КЕШ» атты музыкалық-поэзиялық кешін ұсынды.



Сәкен театрының оркестрі кеште «Көңілді кеш», «Балбырауын», «Ақжелең», «Дайдиладу» атты күйлерді орындап көрерменнің көңілін көтерді. Сондай-ақ, Әнел Сағындықованың «Асыл әжем», Дина Зантованың «Ана туралы жыр», Серік Сұлтанұлы орындауындағы Нұрғиса Тілендиевтің «Күштар әні» туындысы ерекше әсер қалдырды. Концертте ән-күймен қатар жыр-шумақтары да оқылды. Ахай

Жұмағұратовтың «Сүйемін» және де театр әртістерінің «Үйленемін», «Көңілді кеш» сынды өлең жырлары көрермен көңіліне жол тартты. Қала тұрғындары енді аптаның демалыс күндері осындай мәдени-рухани іс шаралардың куәсі болды. Қаракат ҚҰРМАШЕВА, Еуразия ұлттық университетінің II курс студенті. ҚАРАҒАНДЫ

• БОКС

Тарландар рухына арналған турнир

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 7-ші корпусында бокстан КСРО Кубогінің иегері, Азия чемпионы, Атланта Олимпиадасының қатысушысы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бектас Әбубәкіровті және бокстан жастар арасында Қазақстан чемпионы, КСРО спорт интернаттары арасындағы жарыс жеңімпазы, КСРО спорт шебері Елеусіз Қыдыралинді еске алуға арналған жасөспірімдер мен балдырғандар арасында І-ші Республикалық турнирдің ашылу салтанаты өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирде Республиканың бес өңірінен таңдаулы спортшылар бағын сынамақ. Сондай-ақ, еліміздің еңбек сіңірген жаттықтырушылары мен бұлғары қолғап шеберлері де құрметті қонақ ретінде күтілуде. – Бұндай игі шаралар қаламызда жыл сайын өтіп тұрады. Бұл жастар арасында бокстың белең алып дамуына ықпалы зор шара. Жас та болса өз күшін сынап, жүлделі орыннан көрінгісі келетін өрендер бойынан алға ұмтылу, мақсатқа жету секілді ынта-жігер көргеніме қуаныштымын. Бұл аймақтағы спорт ахуалының жақсарғаны, – дейді Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқарма басшысы Темірхан Абылаев.

Расында, биыл боксқа бет бұрған жастар қарқыны әжептәуір басым. Бұл туралы доданың бас төрешісі Қуаныш Қауашов былай дейді: – Спорттың қай саласы болмасын, жеңу мен жеңілуге, тынымсыз жаттығуға, алған қойған мақсаттан танбауға үйретеді. Бүгін шаршы алаңға шығар балалардың көзінде от бар. Тарих қойнауындағы кешегі аңыз спортшылар мұрасы бүгінгі ұрпақты алға же-



телер бірден-бір құрал, – делі төреші. Бектас Әбубәкіров Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, туған жері Қарқаралы ауданы То-

шесіне 6 сыныпқа оқуға түсті. Жаттықтырушысы Сәкен Қоңыров, тәрбиешісі Сағат Темірғалиева.

Спорттағы жеткен жетістіктері: 1992 жылы ТМД біріншілігінің күміс жүлдегері. Бокстан Кеңес Одағы Кубогінің иегері. 1995 жылы Ташкентте өткен Азия Чемпионатының жеңімпазы. 1996 жылғы Атланта Олимпиадасының қатысушысы.

Елеусіз Қыдыралин – бокстан Кеңес Одағының спорт шебері. Туған жері Қарқаралы ауданы Нұркен ауылы Ежесбай бөлімшесінде 1975 жылы 27 шілде айында дүниеге келген. 1989 жылы Қарағанды қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы №3 спорт мектеп интернатының бокс бөлімшесіне 8 сыныпқа оқуға түсті. Алғашқы бапкері ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Сайын Арабаев, тәрбиешісі Маруа Билялова. Оның спорттағы жеткен жетістіктері: 1990 жылы жасөспірімдер арасында өткен облыстық спартакиадасының жеңімпазы, 1990 жылы Жамбыл қаласында жастар арасында спорттық қоғам «Динамо» өткізген Республикалық турнирдің жеңімпазы.

1991 жылы Ташкент қаласында өткен спорт интернаттар арасында КСРО біріншілігінің жеңімпазы атанып, осы жарыста 15 жасында КСРО спорт шебері атағы берілді. 1990-1993 жылы аралығында жасөспірімдер және жастар арасында өткен Қазақстан біріншілігінің бірнеше дүркін жеңімпазы.



• ТЕАТР

Саф сезім жайлы ҚОЙЫЛЫМҒА келіңіз!

Кеше сағат 18:30-да С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының үлкен сахнасында «Сезім сапары» спектакль-туры аясында Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымы сахналанды. Бүгін, яғни 15 маусымда сағат 14:00-де және 18:30-да қойылым қатарынан екі рет қойылады.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»
Бас кейіпкерлер Ербол мен Ментайдың шынайы сүйіспеншілік баяны, кезінде жастардың тұмарындай болған шығарманың асыл арқауы – мәңгілік махаббат тақырыбы бүгінгі көрерменді де бей-жай қалдырмасы анық.
Қоюшы-режиссер – Фархад Молдағали. Рөлдерде Дархан Сүлейменов, Гүлбаһрам Байбо-

• ҚОЙЫЛЫМ

Отбасы ойраны қайдан?

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрында тағы бір үздік қойылым сахналанды. Бұл картинаның өзгеден ерекшелігі – Марк Камолеттидің атакты шығармасын шындаған қоюшы-режиссер Н.Қалықеновтің кәсіби шеберлігі. Ол отбасылық өмірдегі кикілжіңді, әзіл-қалжың мен күнделікті тірлікті шынайы көрсете отырып, көзге шөп салудың жақсылыққа апармайтындығын комедиялық қалыппа салып әдемі жеткізді.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен театрының актері Ахай Жұмамұратов – бас кейіпкердің бірі үй иесі, әйелқұмар Бернардтың ролінде. Ол ілгеріде танысып аралас-құралас болған Сюзеннаны жан-тәнімен қалайды. Білгі соны ойлап, соған асығады да тұрады. Бірде Бернардтың көңіл-десі оған қонаққа келмек болады. Ал, Бернардтың үріп ауызға салғандай, ай десе аузы, күн десе көзі бар жары Жаклин бар. Ол осы мәселеде ақылшы болуы үшін досы Робертті үйіне шақырады. Бернард тіпті әйелінің алдында сүттен ақ судан таза болуы үшін бар кінәні досына артап болады. Расында бастапқыда бәрі жоспарлағандай басталғанымен кейін шалыс басқан істің шала шығатыны расталады. Тіпті, оқиға шым-шытырықтана түседі. Үйге көңілде қыз Сюзеннаның

орнына аспаз Сюзетта келеді. Бұл кезде Бернард пен Жаклин екеуі тысқа шығып кетеді де, үйде Роберт қана қалады. Ол еті тірі әрі егде жасқа кеп қалған келіншекті досының көңіл-десі деп оған Бернард екеуі құрастырған жоспарды түсіндіреді. Бұған бастапқыда түсінбеген аспаз келіншек Роберттің қалың әмиянын көрісімен бірден келісе кетеді. Осылай оқиға болжаусыз жағаласа түседі.
Бұл аз десеңіз, қой аузынан шөп алмастай болған әрі мінезі нәзік Роберттің де сыры су түбінде жатпайды. Ол жан досы Бернардтың әйелімен әуейі болған екен. Осының бәрі ортаға шығып отбасы ойыны анықталады.
Қойылым бірде әр әулеттің басындағы тағдыр тәлкегін суреттесе, бір уақытта әзілімен көмкерілген ерлі-зайыптылар өмірінен сыр шертеді.
Дегенмен, өтірік пен сатқын-

дықтың арты жақсылыққа апармасы айғақ.
Қойылым шығармашылық жағынан өте керемет болғаны рас. Алайда, діни және этикалық көзқараспен қарасақ, бала-шаға қолтықтай келген кісі қарасы отырған залға мұндай қойылым көрсету дұрыс па?
Жаланаһ тән көрінбегенімен шымалдық артындағы іс-әрекеттер көрерменді ыңғайсыз жағдайға қалдыратыны анық.
Бұл режиссер мен актерлердің кәсіби шеберлігі дегенмен де, соны айнытпай тіпті әсірелей берудің қажеті бар ма еді?...
Егер мұны өнердегі ерекшелік десек, көрермен шектелуі тиіс еді. Қойылым аяқталған соң көрермендер арасында «жас шектеуі қойылса және 18 жастан асқан көрермендерге ғана көрсетілсе» деген пікірлер туды. Дәл осы тұста бұған хақысын беріп құлақ асқан абзал-ау...

• ТЕННИС

Алан үздік үштікте

Швецияның Хельсингборг қаласында өтіп жатқан WTT Youth Contender турнирі аяқталды. 19 жасқа дейінгі жас санатында он алты жасар қарағандылық Алан Құрманғалиев қола медаль жеңіп алды.

Жерлесіміз бұл сында алты кездесу өткізіп, бесеуінде жеңіске жетіп, үшінші орынға ие болды.
Алан Құрманғалиев швед спортшысы Дэвид Бьорккридті 3:2 есебімен жеңді. Сонымен қатар, Антонио Джордано (Италия) 3:0, Ю Кван Ту (Гонконг) 3:2, Михал Гавлас (Польша) 3:2, Драгош Бужорды (Румыния) 3:2 есебімен тізе бүктірді. Ал, италиялық Джакомо Аллегранцаға 2:3 есебімен есе жіберіп алды.



• ВЕЛОСПОРТ

Қос қазақстандықтың бағы жанды

Велоспорттан Азия чемпионаты бағдарламасының қорытындысы бойынша Қазақстан командасы екі медаль жеңіп алды.

Олар – ерлер арасындағы топтық жарыста қазақстандық Глеб Брусенскийдің жеңісі. Ал, отандасының соңынан мәреге екінші келген Евгений Гидич еді. Әлемдік сынның алтыны мен күмісін қос қазақстандық қанжығаға байлап қайтты. Ал, үздік үштікті жапон Юкия Араширо тәмамдады.



• ГИМНАСТИКА

Қола қоржында

Хорватияның Осиек қаласында World Challenge cup сериясындағы спорттық гимнастикадан турнир өтті.

Дүбірлі додада қазақстандық Эмиль Ахмеджанов қола медаль жеңіп алды. Ол тірек секіруде алдына жан салған жок. Эмиль қоржынындағы 14.283 ұпаймен қола медальді еншіледі.

Бұл сында алтын тұғыр Армениядан келген спортшы Артур Давянға бұйырды. Ал, күміс жүлдені бразилиялық Кайо Соуза жеңіп алды.



Дайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

• БӘЙГЕ

Аюлы алқабындағы аламан

Жақында Шет ауданы әкімдігінің қолдауымен және Ақсу-Аюлы азаматтарының демеушілігімен бәйге түрлері мен қазақша күрестен жарыс өтті. Ұлы дала ойындары ажарлы аймақты дүбірге бөлеп, Аюлы тауының бөктеріндегі ел назарын өзіне аударды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестеріміз жарысқа қатысушыларды ерекше салтанатпен қарсы алды. Алыс-жақыннан келген қонақтар табиғат аясына қаз-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлерден дәм татып, аудандық мәдени-сауық орталығы ұжымының өнерпаздарының өнерін тамашалады.
Қаштайсай алаңында өткен айтулы додаға еліміздің әр түпкірінен сайдың тасындай іріктелген 2006-2007-2008 жылдары туған жасөспірім балуандар мен ауыздығымен алысып жүйрік мінген кәсіби шабандоздар, тәжірибелі спорт жаттықтырушылары жиналды. Дүбірлі доданың ашылу салтанатына Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров бастаған әкімшілік қызметкерлері, спорт жанаашырлары мен ауыл

тұрғындары қатысты.
Ұлттық шарда аудан әкімінің орынбасары О.Стыбаев, спорт саласының ардагері, А.Қызылов, ауыл ақсақалы, ақын А.Рашитов, ұлттық спорт жанаашыры Е.Халилиндер жылы лебіз білдіріп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.
Бәйге, күрес десе ішкен асын жерге қоятын жұрт түске дейін жас балуандар арасындағы белдесуді тамашалады. Ептілік пен ұтымды әдісті талап ететін бұл жарыста балуандар аса жоғары өнер көрсетіп көпшіліктің көңілінен шықты.
Жарыс барысында 50 келіде Нұрулла Хамит (Ақсу-Аюлы), 60 келіде Сидық Рахымбек (Қарағанды), 65 келіде Серікбол Шақенов (Ақсу-Аюлы), 75 келіде Ернұр Сүлеймен (Ақсу-Аюлы), 90 келіде Әлімжан Қыбышев (Ақсу-Аюлы) чемпион атанды. Осыдан кейін, дүйім жұрттың де-



лебесін қоздырған бәйге түрлерінің сайысы өтті. Тай жарыста баянауылдық Дамир Ризақовтың «Құндыз» атты сәйгілігі топ жарса, II орынды ақадырлық Бауыржан Макиевтің «Самалы», III орынды Ақсу-Аюлы ауылындағы Балғажан Әділеттің «Бес ғажабы», IV орынды алматылық Оспан Әбдуәлінің «Вулканы», V орынды Теміртаудағы Ростовка елді мекенінен келген Өркен Қыстаубаевтың «Алау» атты тайы иеленді.
Құнан жарысында теміртаулық Дінісламбек Жайлаубайдың «Мәрмәрторысы» үздік шықса, II орыннан Босаға ауылынан Дүйсен Егізовтің «Дарабозы», III орыннан Ортау ауылынан келген Тұрсынбай Тілектің «Жұпары» IV орыннан Теріскейден келген Самат Омаровтың Айкөркемі, V орыннан Бұқар жырау ауданынан келген Асқар Мағзумовтың «Қарашаш» атты құнаны көрінді.
Топ бәйгеде бас жүлдені Түркістан облысынан келген Айдар Әмірбековтің «Сұлусәті», II орынды алматылық Самат Рұстамұлының «Берекесі» III орынды елордалық Қанапин әулетінің «Шаға-

ласы», IV орынды Шет ауданы Ақой ауылындағы Әсет Жылтырпасовтың «Желқарасы» V орынды Шет ауданы Әлихан ауылының бапкері Ғабдулла Кемалғу-

ловтың «Нарбота» атты тұлпары иеленді.
Ал, жүйріктің жүйрігі сынарал «Аламан» бәйгеде Жамбыл облысынан Мадияр Иманжанов есімді атбегінің «Белласы» топ жарып бірінші келсе, II орынды Босаға ауылындағы Әлихан Сакиевтің «Нұртөбелі», III орынды жерлесіміз Шынкеев Ержанның «Анарханы» IV орынды теміртаулық Ерлан Белгібаевтың «Айқасқасы» V орынды Ақсу-Аюлы ауылының атбегісі Мақсат Әбдіқасовтың «Айфоны» иеленіп, барлық жүлдегерлер ауыл азаматтары демеушілігімен қомақты қаржылай сыйлықтармен марапатталды.
Айта кетейік, облысымызда ұлттық спорт түріне деген қызығушылық зор. Осыған орай Ақсу-Аюлының баурайында бабадан қалған бағалы мұрамыз дәріптеледі, республика көлеміне кенінен насихатталып жатқандығы көңілді қуантады. Шабандоздар бәйгеде шаң қаптырып, балуандар боз кілемде белдескен ұлттық сайыс алдағы уақытта да жалғасады деп жоспарлануда.
Шет ауданы



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБАЙ
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы м.а. – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 ғүй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 885

№66 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАН КЕЧЕСБЕКҰЛЫ